



Газет 2013 жылдың қыркүйек айынан бастап шығады



№20 (660)  
13 МАМЫР,  
СӨРСЕНБІ  
2026 ЖЫЛ

## СИНТЕТИКА: ЖАСТАРДЫ ҚҰРТҚАН ҚҰМАРЛЫҚ

Бүгінде елде есірткіге қарсы жұмыс жүйелі жүріп келеді. Дей тұрғанмен синтетикалық затқа құмартқан жастардың қатары азаймай тұр. Бұған қолға тиген наркологиялық есеп дәлел бола алады. Мәселен, 2024 жылы 18 мыңнан астам адам тіркеуде тұрса, бұл көрсеткіш биыл тағы да көбейген. Оның 70%-ы кәмелетке толмағандар. Ашынғанда шығады ащы даусын...

Сорақысы сол, өткен жылы халықаралық «World Population Review» ұйымы жариялаған есірткіні көп тұтынатын елдердің рейтингінде Қазақстан 8-орында екен. Ұйым сарапшылары жыл сайын қолдануға тыйым салынған заттарды тұтынатын елдердің тізімін жариялап отырады. Олар рейтингті шығаратын кезде БҰҰ-ның есірткі туралы мәліметтеріне, ДДҰ-ның сараптамалық мәліметтеріне сүйенеді.

7-бетте



## Айбек ХАЙРУЛЛА: КЛАССИКА ешқашан ескірмейді

Мектептің сахнасында ән салған оқушы мен Италияның мәрмәр театрларында Макбеттің ролін сомдаған әншінің арасында бір ғана айырмашылық бар. Ол – уақыт. Десе де сол уақыттың артында қаншама еңбек, таңдау мен үлкен жол бар.

Бүгінгі кейіпкеріміз – Жалағаш ауданы, Бұқарбай батыр ауылының тумасы, 26 жастағы опера әншісі Айбек Хайрулла. Шығармашылық адамымен сұхбаттасудың сәті түскен еді. Опера, жастар, көрермен мен талғам жайында әңгімелесіп, кейіпкеріміздің ойын тыңдадық.

– Айбек, кей жастар классиканы ескі өнер деп қабылдайды. Мұндай тұжырым жайлы не айта аласыз?

– Иә, өкінішті. Десе де бұл – табиғи құбылыс.

Адам танымаған, білмеген дүниені ескі деп қабылдайды. Бірақ классика ешқашан ескірмейді, ол уақытқа бағынбайтын, уақыттан тыс өнер. Мысалы Джузеппе Вердидің «Макбет» операсы 1847 жылы жазылған, бірақ ондағы билікқұмарлық, сатқындық, ар-ождан мәселесі бүгін де өзекті. Сахнада Макбетті сомдағаныма 20 мен 70 жастағы көрерменнің жанына бірдей жететінін көрдім. Меніңше, мәселе классикада емес. Біз сол өнерді бүгінгі тілмен жеткізе алмай жүрміз. Менің міндетім – сол көпті салу.

4-бетте

### БАСПАСӨЗ – 2026

Алаш жастарының үніне айналған «Ақмешіт жастары» газетіне жазылу науқаны жүріп жатыр. Өз газетіңе жазыл, жас дос! Біз ел жастарымен біргеміз! «Ақмешіт жастары» газетіне 6 айға жазылу жеке тұлғалар үшін – 4000 теңге, мекемелер үшін – 8000 теңге.

Ақниет БЕРДІХОЖА:

## МҰҒАЛІМДІККЕ ТӨТЕННЕН КЕЛГЕН ЖОҚПЫН

Адам баласы өмірге келгенде оның жүрер жолы маңдайына жазылып қояды деуші еді... Кейде өзінің мамандығын сүйіп, сол жолға жаралған жандарды көргенде осы ұғым өзінің орнын нықтай түседі. Таяуда Жақыпбек Маханбетов атындағы ауылға жол түскен. Қала іргесіндегі елді мекенде орналасқан №143 орта мектептің ағылшын тілі пәні мұғалімі Ақниет Бердіхожамен кездестік. Оның бала тәрбиесіне, білімді ұрпақты қалыптастыруға деген ұстанымы мен түсінігі бізді қайран қалдырды.

– Бесінші сыныпқа сабақ беретінін. Әдеби байқауға қатысып жатырмыз. Қаншама тер төгілді, еңбек еттік. Байқау күні келгенде оқушыларым тақырыпты сенімді түрде қорғап шықты. Әрқайсысы бар білімін көрсетіп, қолдарынан келгенін бәрін жасады. Ал қазылар алқасының шешімін күткен сәт – бәріміз үшін ең толқынысты кезең болды. «Бас жүзде» деп сыныбымды атағанда бір оқушымыз қатты толқып, көзіне жас алып: «Апайды қатты құшақтап алғым келіп тұр» деген еді. Осы бір шынайы сөздер мен балалардың таза қуанышы маған мұғалім үшін ең үлкен марапат – шәкіртінің жетістігі мен ықылас екенін тағы да терең сезіндірді, – дейді Ақниет Ергалиқызы.

Ақниет мұғалімдікке төтеннен келмейді. Ол бала күнінен ұстаз болуды арман еткен. Бала күнінен бұр жарған арманының жемісін көріп отыр. Өзі де – ұстаздар әулетінің перзенті.

2-бетте



## ӘЛЕМДЕ ТАЛАЙ ҚЫЗЫҚ БАР:

### Таңғажайып музейлер топтамасы

18 мамыр – халықаралық музей күні. Газетіміздің өткен сандарында жергілікті музейлер мен ондағы қызметкерлердің еңбек жолы хақында жиі қалам тербеп жүргенімізге көзі қаракты оқырман күз. Атаулы күнге орай бүгінгі санымызда әлем елдеріндегі ерекше музейлер жайлы жазуды жөн санадық. Ендеше ерекше мұражайларға бірге сапарлайық!

#### Канкундағы суасты музейі

Канкун қаласындағы суасты мүсіндер музейі бүгінде Мексика елінің ең ерекше туристік орындарының біріне айналған. Кариб теңізі мен Мексика шығанағы түйіскен аймақта орналасқан бұл музей келушілерге өзгеше әсер сыйлайды. Теңіз астындағы тылсым әлемде түрлі-түсті балықтармен қатар адам бейнесіндегі мүсіндер, көліктер және сан алуан арт-нысандарды көруге болады. Мұндай көріністер ашық мұхитта кездеспейді, сондықтан бұл орын суга сүзуді

ұнататын туристер үшін нағыз ғажайып мекен саналады.

Мұражайдың ресми атауы – «MUSA Underwater Museum» немесе «Underwater Museum of Art». Бұл орталық Исла-Мухерес аралының маңында 2010 жылдан бастап жұмыс істейді. Арал мен музейдің арасы бір шақырымнан сәл ғана асады. Суасты кешені шамамен 420 шаршы метр аумақты қамтып, Пунта Низус, Пунта Канкун және Исла-Мухерес аралына жақын аймақ болып үш бөлікке бөлінген.

5-бетте

ЗАҢ БІЛМЕГЕН ТОЗАР



Заң – мемлекеттің қаңқасы. Ал құқықтық сауат – сол қаңқаны тік ұстап тұратын маңызды бөлік. Бүгінгі қоғамда бұл салада құлдырау көп. Тәуелсіз елміз деп мақтанамыз, Ата заңымыз бар деп айтамыз, құқықтық мемлекет құрып жатырмыз деп есеп береміз.

Бірақ күнделікті өмірге үйілсек, заңды білмейтін, білес де қолдана алмайтын, өз құқығын қорғай алмайтын халықтың қарасы қалың. Соның кесірінен сан соғып жүргендер көп. Бірі интернет алаяқтарына алданып, бар жиган-тергенінен айырылады. Бірі жол ережесін білмей, жүргізуші куәлігінен қағылады. Бірі еңбек құқығын білмегендіктен үнісіз қанауға көнеді. Енді бірі әлеуметтік төлемдер мен мемлекеттік көмектерге қол жеткізе алмай, өзіне тиесілі дүниеден құр қалады. Ең сорақысы – құқықтық сауатсыздық қоғамда қалыпты құбылысқа айналған.

Қазір алаяқтардың дәурені жүріп тұр. Бұрын қалта ұрылары базар жағалап жүрсе, бүгінгі ұрылар смартфонның ар жағында отырып-ақ қалтанды қағып түсіреді. Олар адамның сенгіштігін, заңды білмейтінін, қауіпсіздік ережелерінен

бейхабар екенін пайдаланады. «Банк қызметкерімін», «сіздің атыңызға несие рәсімделіп жатыр», «картаның ұрылар смартфонның ар жағында отырып-ақ қалтанды қағып түсіреді. Олар адамның сенгіштігін, заңды білмейтінін, қауіпсіздік ережелерінен

тұр» деп сенеді. Ойткені заң бойынша банк қызметкері ешқашан SMS код сұрамайтынын, жеке деректі талап етуге құқығы жоқ екенін жұрттың бәрі біле бермейді. Алаяқтарға алданғандардың арасында мұғалім де, дәрігер де, зейнеткер де, тіпті

мемлекеттік қызметкерлер де бар.

Кейінгі уақытта «дроппер» деген ұғым шықты. Көп жас оңай ақша табамын деп өз банк карталарын бөтен адамдарға жалға береді. Бір қарағанда «карта бере салдым, одан не болады?» деп ойлайды. Бірақ сол карта арқылы алаяқтық ақша айналымы жүрген жағдайда, заң алдында жауапкершілік карта егесінде болады. Көптеген жас осыны білмейді. Интернеттегі бір хабарлама үшін болашағына кара дақ түсіріп алып жатыр. Құқықтық сауатсыздықтың қауіпті тұсы да осында емес пе? Адам заңды білмегендіктен қылмысқа өзі байқамай араласады. Мұны пигылы арам адамдар өз пайдасына асырады.

3-бетте

# СЫРДАРИЯДАҒЫ СПОРТТА СЕРПІН БАР

Сырдария – ең әуелі көгалдағы хоккеймен аты шыққан аудан. Мұнда спорттың барлық түрі бар. Бірақ облыс бойынша аталған спорт түрінде шоктығы биік. Негізін салған Сұлтан Қобландын есімі бүгінде елге таныс. Әлбетте, көгалда хоккей ойнаудан топ жарған ауданның басқа спорт түрлерінен де алары мол. Бүгінде өңірдегі спорт саласында бұқаралық спортты дамыту қолға алынса, аталған істе Сырдария тағы да көш бастап келеді.

Ауданда дене шынықтыру мен спортты дамытудың негізгі көрсеткіші ол – тұрақты дене шынықтыру және спортпен шұғылданушылар санын ұлғайту. Бұқаралық спортты дамытудың негізгі жолы – спорттық жарыстарды көптеп өткізіп, халықты спортқа тарту.

Аудандық дене тәрбиесі, спорт және туризм бөлімінің, жалпы халықты дене шынықтыру және спортқа тарту жолында дене шынықтыру және спорт мекемелері – 2 спорт мектебі, 1 спорт клубы, 1 балалар-жасөспірімдер дене тәрбиесі даярлығы клубы жұмыс жасайды. Жастарға спортты жаңына серік ету арқылы дені сау ұрпақ ретінде қалыптастырып қана қоймай, тәрбиелі әрі саналы жастардың қатарын арттыруға септігін тигізеді. Жастарымыз спортпен шұғылдануы үшін ең бірінші кезекте спорт нысандары да, халыққа қолжетімді деңгейде болуға тиісті. Мәселен, қазір ауданда екі стадион (Тереңөзек кенті және Н.Лясков ауылы), 6 спорт кешені (Тереңөзек кенті – 2, Ақжарма – 1, Н.Ильсов – 1, Шаған ауылы – 1, Бесарық ауылы – 1), 30 спорт зал, 18 жапсарлас спорт зал, 74 жазықтық құрылыстар жұмыс істейді. Барлық дене шынықтыру және спорт нысандары саны 130-ды құрайды. Аталған спорт нысандары тегін негізде қызмет көрсетеді, – дейді Сырдария аудандық дене тәрбиесі, спорт және туризм бөлімінің басшысы Марат Ерташов.

Дене шынықтыру және спорт саласында 218 штаттық қызметкер жұмыс істейді. Соның ішінде, дене шынықтыру білімі бары – 217 қызметкер. Аудан бойынша 17 жалпы білім беру мектебі бар. Барлық дене шынықтыру пәні мұғалімдерінің саны – 131, соның ішінде жоғарғы білімі бары – 126, арнаулы орта білімі бары – 5.

Дене шынықтыру және спорт секцияларына жалпы барлығы – 555 дене шынықтыру – сауықтыру және спорттық үйірмелер жатады. Оларға ауыр атлетика, баскетбол, бокс, волейбол, қол добы, дзюдо, еркін күрес, жеңіл атлетика, көгалдағы хоккей, таеквондо, үстел теннисі, футбол, белбеу күресі, гир спорты,



дойбы, қол күрес, кіші футбол, шахмат, асық ату, бес асық, қазақ күресі, тоғызқұмалақ, грэпплинг, панкратион, каратэ-до, самбо, көпсайыс сияқты спорт түрлерімен шұғылданады. Аудан бойынша 2026 жылдың 3 айында 42 дене шынықтыру және спорттық іс-шаралар өткізіліп, оған 3449 қатысушы тартылды.

Жыл басынан бері аудан бойынша Қазақстан Республикасының чемпионатынан аудан спортшылары, соның ішінде жас спортшылар жоғарғы дәрежедегі нәтижелер көрсетуде.

– Айта кететін болсақ, каратэ спортынан наурыз айында Қарағанды қаласында каратэ-WKF спортынан Қазақстан Республикасының чемпионаты өтті. Ауданымыздың жас спортшысы Ернар Уалиханов жүлделі III орын иеленді. Жаттықтырушысы Салтанат Мырзабекованың еңбегі ерен. Панкратион спортынан Қызылорда қаласында өткен ҚРЧ-дан Алихан Балғабай I орынның биігін бағындырса, Нұржігіт Мейрамбеков II орынды еншіледі. Нұртөре Сабыржанов, Қуат Марат, Мирас Алтынбеков, Зиналғабилен Кенесов үздік үштікті түйіндеді. Еркін күрес спортынан Ақтау қаласында жастар арасында Қазақстан Республикасының көктемгі чемпионаты өткізілді. Жерлесіміз Инабат Нұрадинқызы жүлделі II орынды еншілесіне алды. Ауданда мұндай жетістіктер жетерлік, – дейді Марат Ерташов.

Аудан көлемінде топ жарып, республикада даңқын асырып жүрген спортшылар жетерлік. Олардың әрбіріннің жеңісі үшін тұтас аудан бөркін аспанға атып жүр.

– Ауданымызда волейбол спорты күн санап дамып келеді. Ерлер волейбол спортынан 2025 жылдың «Жазғы балалар Азия чемпионатының» жеңімпазы Ержігіт Айбекұлы биыл да Орал қаласында өткен ерлер арасындағы жоғарғы лигасының III орын иегері

атанды. Жаттықтырушысы Айбек Сейпуловтың төккен тері аз емес. Өйелдер волейболынан өйелдер арасындағы жоғарғы лигасы Павлодар қаласында өткізіліп, ауданымыздың жас спортшылары Нұрайым Айбекқызы, Ақнұр Кенжебай, Жанбибі Төлегенова I орын иеленіп, Қазақстан Республикасының чемпионы атанды. Жаттықтырушысы Жандос Темірғалиевтың ерен еңбегін ел көріп отыр, – дейді бөлім басшысы.

– Ересектер арасында ауданымыздың даңқыншығарып жүрген ағартушы спортшымыз, аудандық спорт клубының жаттықтырушысы – Раимкулова Эльмира Сәрсенбекқызы. Қарағанды қаласында ақпан айында жеңіл атлетикадан жабық кешенді әуесқойлар және ардагерлер арасында V Қазақстан Республикасының чемпионаты өткізіліп, жерлесіміз жүлделі III орынды иеленді, – делі мақтанышын білдірген ол.

Көк туды көкке көтерер спорт сандақтарының арасында сырдариялықтардың үлесі қомақты. Бүгінде өңірдегі спортты одан әрі дамыту үшін қарқынды тірлік атқарылууда.

Аяң  
СПАНДИЯР



Басы 1-бетте

айналырды. Үйімізде мектеп өмірі, шәкірт тағдыры, оқу мен тәрбиенің мәні туралы әңгімелер жиі айтылатын. Сол әңгімелерді тыңдап өскен бала көңілде ұстаз мамандығына деген қызығушылық ерте оянды, – дейді ол.

Ананың мейірімінен нәр алып, екенің қаталдығымен қалыптасқан Ақниет алдына биік мақсаттар қоятын. Бала күнде өзінше журнал арнап, бауырларына мұғалім болып, өзінің образын әлдеқашан қалыптастырып қойған. Десе де ұстаздар әулетінен көрген тәліміне екенің қаталдығы ұштаса келіп, оның бала жанының бағбаны болуына зор ықпал етті.

– Бойымдығы жауапкершілік пен темірдей тәртіптің қайнар көзі – әкемің тәрбиесі. Өмірім ішкі істер органдарына арнаған, полковник шеніне дейін жеткен әкем бізді әрдайым адалдыққа, еңбекқорлыққа баулады. Ол кісінің қатал болса да әділ тәрбиесі бізге:

– Нағашы әжем саналы ғұмырын шәкірт тәрбиесіне

Ақниет БЕРДІХОЖА:

# МҰҒАЛІМДІККЕ ТӨТЕННЕН КЕЛГЕН ЖОҚПЫН



«Қандай жол тандасаң да, өз ісінің шебері бол, еңбегің адал, жауапкершілігің биік болсын» деген қағиданы өмірлік бағдар етіп берді. Осылайша, анамнан – нәзіктік пен білімге құштарлықты, әкемнен – қайсарлық пен тәртіпті сіңіріп өстім, – дейді жас мұғалім.

Талаптың тұлпарын мінген талай жеткіншекке тура бағыт-бағдар беріп, білім әлемінде қанатын еркін қаққан самұрық құстай еткен талантты ұстаз бүгінде өзінің ұстанымына сай қызмет жолын жалғап келеді. Ол үшін мұғалім болу – жай ғана қызмет емес...

– Мұғалімдік – тек мамандық емес, ол адам бойындағы ерекше қасиетпен ұштасатын ұлы қызмет. Әрине мұғалім болу үшін білім алып, кәсіби дайындықтан өту қажет. Бірақ нағыз ұстаз болу үшін баланың жүрегіне жол табу, сабырлы болу, мейірімділік таныту, түсіне білу секілді асыл қасиеттер керек. Әсіресе ағылшын тілі пәні мұғалімі үшін оқушыға сенім беріп, оның еркін сөйлеуіне жол ашу өте маңызды. Сондықтан мұғалімдік – әрі мамандық, әрі жүрек қалауымен келетін қасиет, – дейді Ақниет Ерғалиқызы.

Ақниеттің мұнда жұмыс істеп келе жатқанына бес жыл болыпты. Сол бес жылдың ішінде ол жетістік желкенін керіп үлгерген. Қалалық, облыстық және республикалық деңгейдегі түрлі олимпиадаға, байқаулар мен конкурстарға қатысып, жүлделі орындарға ие болып жүр. Шәкірттері де талай бәсекеде топ жарып, айбынын асырып келеді.

Дәулет ҚЫРДАН,  
Суретке түсірген  
Нұрболат НҰРЖАУБАЙ

Білім – шығармашылық жол!

**БІЗДІҢ БАЛА**

## ОЙЫНДЫ ЕМЕС, ОЙЛАНУДЫ ТАҢДАҒАН МЕЙІРЖАН

Бүгінгі кейіпкеріміз – Иван Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейінің 2-сынып оқушысы Мейіржан Ақылбек. Атына заты сай балақай жасына қарамастан математикаға ерекше қызығатын көрінеді. Тіпті жоғары сыныптың есептерін де еркін шығара алады. Логикалық ойлауы жоғары, есепке жүйрік оқушы бүгінде қатарластарының арасында алғырлығымен дараланып келеді.

Бастауыш сынып мұғалімі Лаура Дәулетқызының айтуынша, оқушының есепке деген қызығушылығы бірден қалыптаспаған. Алғашқы кезде тапсырмаларды орындауда енжарлық байқалғанымен, түрлі әдіс-тәсілдің арқасында баланың да ынтаясы оянған. Бүгінде ол өз бетінше ізденіп, күрделі есептерді шығаруға машықтанған озат оқушылардың біріне айналды.

– Мейіржан – алғыр, зерек, логикалық ойлауы жоғары оқушы. Әсіресе математика пәніне деген қызығушылығы басым. Есеп шығарудан үздік. Өзінің қатарластарының арасынан дараланып келе жатқан ол әр тапсырмаға терең ойлап, түрлі тәсілмен шешім табуға тырысады, – дейді Лаура Дәулетқызы.

Иә, қазір білімге құштар, ойы ұшқыр ұрпақ тәрбиелеу – қоғам алдындағы маңызды міндеттердің бірі. Әсіресе бастауыш сыныптан бастап оқушының қабілетін танып, оны дұрыс бағыттау білу – ұстаздың кәсіби шеберлігін айқындайды. Осы арада Лаура Дәулетқызының да Мейіржанның бойындағы ерекше қабілетті дер кезінде байқап, оқушыны дамыту жолында жұмыс істегені расымен қуантады. Қазір түрлі интеллектуалды байқауға қатысып, бақ сынап жүрген балақайдың жетістігі де жетерлік.

Жас дарынның өзі есеп шығарудың басты құпиясы – үздіксіз жаттығу мен еңбек екенін айтады. Ол қиын есептерді шешкен кезде асықпай ойланап, әртүрлі жолды қарастыруға тырысатынын жеткізді. Бос уақытында кітап оқып, есеп шығарумен айналысатын Мейіржан болашақта үлкен ғалым болуды армандайды.

Инжу МАРЖАН

Аида МОЛДАБЕК:

## БАЛА ӨНЕР АРҚЫЛЫ ӨЗІН ТАНИДЫ

Музыка сабағы – жай ғана ән айтып, нота үйренумен шектелмейтін ерекше әлем. Бұл – баланың жан дүниесін тәрбиелейтін, талғамын қалыптастыратын, өнер арқылы өмірді тануға жетелейтін кеністік. Әсіресе қазіргі технология дәуірінде оқушының назарын өнерге бұрып, ұлттық құндылыққа қызықтыру – үлкен ізденіс пен табандылықты талап етеді.

Осындай жауапкершілікті аркалап жүрген ұстаздардың бірі – №257 мектептің музыка пәні мұғалімі Аида Молдабек. Өнер мен ұстаздықты қатар алып жүрген кейіпкерімізбен сұхбаттасып, шығармашылыққа баулуының маңызы, жас таланттарды тану және бүгінгі оқушының музыкалық талғамы туралы азыл-көп әңгімелестік.

– Аида, өнер – тәрбиенің тілі. Ал сіздің өнерге деген қызығушылығыңыз қай кезде басталды? Жалпы, ұстаздық

пен өнер жолына қалай келдіңіз?

– Өнерге деген қызығушылығым бала кезден бар еді. Музыка мен ән айтуға деген сүйіспеншілігім мені осы мамандықты тандауға жетеледі. Кейін арнайы білім алып, өз тәжірибемді жас ұрпақтың бойына сіңіруді мақсат еттім. Ұстаздық жолды үлкен жауапкершілік пен шабыт сыйлайтын қасиетті мамандық деп білемін.

– Баланың назарын өнерге аудару оңай емес. Оқушының музыкаға деген қызығушылығын арттыру үшін сабақта қандай әдіс-тәсілді көбірек қолданасыз?

– Сабақ барысын барынша бір сарынды өткізбеуге тырысамын. Сол үшін түрлі заманауи әдістерді қолданамын. Мысалы бірде музыкалық ойын ойнатып, шығармашылық тапсырмалар берсем, кейде әннің тарихын таныстырамын, бейнежазбалар көрсетіп, топтық жұмыс та жасаймыз. Сонымен қатар әр баланың қызығушылығына сай бағыт беруге көңіл бөлемін.

– Көбіне «әншілік туа бітетін қасиет» деген пікір айтылады. Қалай ойлайсыз, әр балада музыкалық қабілет бола ма, әлде оны арнайы дамыту қажет пе?

– Әр баланың бойында белгілі бір деңгейде музыкалық қабілет болады деп ойлаймын. Тек оны дер кезінде байқап, дұрыс бағытта дамыту қажет. Тұрақты жаттығу, дауыс қою, есту қабілетін дамыту және сахналық тәжірибе арқылы баланың өнерге деген қабілетін шыңдауға болады.

– Дарындыны дөп тану да әркімнің қолында бермейді. Шәкірттің бойындағы ұшықпанды қалай байқайсыз?

– Ең алдымен баланың музыкаға деген қызығушылығына, ырғақты сезінуіне, дауыс ерекшелігіне, есте сақтау қабілетіне және сахнада өзін еркін ұстауына назар аударамын. Сонымен қатар еңбекқорлық пен ізденімпаздық та талантты шындейтын маңызды қасиеттердің бірі.

– Музыка мен шығармашылық баланың мінезін, дүниетанымына, тұлға ретінде қалыптасуына қалай әсер етеді?

– Иә, шығармашылық баланың жан-жақты дамуына үлкен ықпал етеді. Өнер арқылы бала өз ойын еркін жеткізуге, сезімін түсінуге, эстетикалық талғамын қалыптастыруға және өзіндік көзқарасын дамытуға үйренеді. Яғни өнер арқылы бала өзін таниды.

– Талғам жайында сөз қозғасақ, бүгінгі оқушыға музыканың қай бағыты қызық?

– Қазіргі оқушылар заманауи эстрадалық әндерге, ұлттық нақыштағы заманауи шығармаларға, сондай-ақ әлемдік музыка бағыттарына қызығушылық танытады. Соның ішінде домбырамен орындалатын жаңа форматтағы әндер мен патриоттық бағыттағы шығармаларға да қызығатын оқушылардың саны артып келеді.

– Оқушыны көпшілік алдында еркін өнер көрсетуге қалай дайындайсыз?

Қайткенмен де бала түгелі, өзіміз де үлкен сахнадан жүрексінеміз ғой.

– Ең алдымен оқушының өзіне деген сенімін қалыптастыруға мән беремін. Сахнада өзін ұстау әдебі, көрерменмен байланыс орнату, дауыс ырғағы, мимика және кимыл-қозғалыс мәдениеті бойынша жүйелі түрде жұмыс жүргіземін. Жиі дайындық пен шағын ортада өнер көрсету тәжірибесі де үлкен көмек береді.

Әрі әр қатысқан байқауы мен концертте оқушының тәжірибесін арттырып, жауапкершілігін, төзімділігін және өзіне деген сенімін күшейтеді. Сонымен қатар өзге талантты балалармен танысып, тәжірибе алмасуға мүмкіндік береді. Бұл – шығармашылық өсуге үлкен серпін.

Шәкірт жетістігі – ұстаз еңбегінің жемісі. Олардың биіктен көрінуі, жетістікке жетуі мен үшін үлкен қуаныш әрі мақтаныш. Осындай сәттер ұстаздық жолдың мәнін терең сезіндіреді және алдағы жұмысқа шабыт береді.

– Сұхбат соңында алға қойған жоспарыңыз жайлы айтыңыз.


– Алдағы уақытта жас таланттарды қолдауға бағытталған шығармашылық жобаларды жүзеге асыруды жоспарлап отырмын. Оқушылардың өнерге қызығушылығын арттыратын үйірмелер, концерттік бағдарламалар, байқаулар ұйымдастырып, ұлттық өнерді насихаттау бағытында ауқымды жұмыстар атқарғым келеді.

– Жауабыңызға рақмет!

Сұхбаттасқан  
Ә.ЖАНӘБІЛҚЫЗЫ

Басы 1-бетте

# ЗАҢ БІЛМЕГЕН ТОЗАР



Жастар арасындағы құқықбұзушылық мәселесі де тереңдеп барады. Бір қарағанда қазіргі буын ақпаратқа жақын, технологияны меңгерген, көзі ашық дерсің. Бірақ құқықтық мәдениет жағынан ақсап тұрған тұстары жеткілікті. Әлеуметтік желідегі әдепсіз тікелей эфирлер, бопсалау, кибербуллинг, жалған ақпарат тарату, төбелесті видеоға түсіріп жариялау – мұның бәрі заң алдында жауапкершілік жүктейтін әрекеттер. Өкінішке қарай, көп жас мұны «әзіл», «хайп», «контент» деп қабылдайды. Ал заң үшін оның бәрі нақты құқықбұзушылық болуы мүмкін.

Мәселен, біреудің суретін рұқсатсыз тарату, жеке хаттарын жариялау немесе ар-намысына тиетін ақпарат жазу азаматтық жауапкершілікке де, кей жағдайда қылмыстық жауапкершілікке де әкелуі мүмкін. Тіпті енді біреудің бет-жүзімен стикер жасасаң да жаза арқалап кетуің ғажап емес. Бірақ мұны жастардың басым бөлігі білмейді немесе немқұрайлылық танытады. Себебі мектепте құқық сабағы формалды түрде өтеді. Оқушылар өз қалауымен Конституцияның баптарын жаттауы мүмкін, бірақ өмірде қалай қолдану керегін түсінбейді. Тіпті заңды қате түсініп алатындар да жеткілікті. Ол үшін баланы емес, жүйені кінәлау керек шығар.

Тағы бір өзекті мәселе – жүргізушілердің заңды үстірт білуі. Қазақстанда көлік апатының азаймай отырғанының бір себебі де осы. Жүргізушілердің көбі жол ережесін емтихан тапсыру үшін ғана оқиды. Ал кейін ұмытады. Кейбірі өз құқығын да, міндетін де толық білмейді. Мәселен, полиция қызметкері көлікті қандай жағдайда тоқтата алады, жүргізуші видео түсіруге құқылы ма, хаттамамен келіспесе не істеу керек, медициналық куәландырудан бас тартудың салдары қандай – мұның бәрін екінің бірі біле бермейді. Бірақ әлеуметтік желіге құқық қорғау

органдарының негативті видеоларын жариялауға келгенде бірінші болып өзіміз шығамыз. Неге олай?

Көп адам «ішпесем болды» деп ойлайды. Бірақ Қазақстан заңнамасында медициналық куәландырудан бас тартудың өзі мас күйінде көлік жүргізумен тең жауапкершілікке әкелуі мүмкін. Кей жүргізушілер осыны білмегендіктен өз қолымен өзін кінәлі етіп жатады. Сондай-ақ көлікті сенімхатсыз беру, сақтандыру мерзімін өткізіп алу, жалған нөмір тағу, жаяу жүргіншіге жол бермеу секілді «ұсақ» көрінетін әрекеттердің арты, есіңізде болсын, ауыр айыппұлға немесе жүргізуші куәлігінен айырылуға соқтырады.

Қоғамда кең таралған келесі мәселе – еңбек құқығын білмеу.



Суреттер ашық дереккөзден алынды

Көптеген адам еңбек шартын оқымай қол қоя салады. Кей мекемелер қызметкерлерді ресми тіркемей жұмыс істетеді. Жалақы кешіксе де үндемейді. Артық жұмыс уақыты үшін ақы талап етпейді. Өйткені заңды білмейді немесе қорқады. Кей жұмыс берушілер де осыны пайдаланады. Өсіресе жастар арасында «тәжірибе жина» деген сылтаумен тегін жұмыс істету белең алған. Бұл қаншалықты заңды? Мәселен, сіз даяшы болып жұмысқа тұрдығыз делік. Сізге 2-3 күн тәжірибеден өт деп тапсырма береді. Алайда сіз сол тәжірибеден өткен

күндеріңіз үшін ақы алуға құқылы екеніңізді білесіз бе? Көбі білмейді, солайша ақысыз еңбек етеді. Ал бұл – өрескел құқықбұзушылық.

Әлеуметтік салада да құқықтық сауаттың төмендігі қатты сезіледі. Көп отбасы қандай жәрдемақы алуға құқылы екенін білмейді. Кей аналар декреттік төлемдерді дұрыс рәсімдей алмай жүреді. Мүгедектігі бар азаматтардың құқықтары толық түсіндірілмейді. Тіпті кей адамдар медициналық қызмет сапасына шағымдануға болатынын да білмейді. Ақылы қызметті тегін көрсетуге міндетті жағдайлар барын естімегендер қаншама.

Тұтынушылар құқығы мәселесі де өзекті. Біз сапасыз тауар алсақ та үндемейміз. Мейрамханада улансақ

та кешіріммен шектелеміз. Дүкенде баға мен кассадағы сома сәйкес келмесе де дауласпаймыз. Неге? Өйткені «бәрібір ештеңе өзгермейді», «ол үшін уақыт құртқым келмейді» немесе «одан да көп шығынға батамын» деген немқұрайлы түсінік қалыптасқан. Бұл – қауіпті психология. Құқығын қорғамаған қоғамды кез келген жүйе басынады.

Кейде біз құқығымыздың тапталып жатқанын мүлде аңғармаймыз. Мәселен, жеке дерек мәселесі. Қазір кез келген жерде ЖСН, телефон нөмірі, банк дерегі сұралады. Бірақ ол мәліметтің қалай сақталатынын,

кімнің қолына түсетінін ешкім тексермейді. Кей ұйымдар азаматтардың дерегін рұқсатсыз үшінші тарапқа беріп жатады. Бұл – заң бұзушылық. Алайда халықтың көбі жеке деректі қорғау құқығы бар екенін білмейді.

Тағы бір назар аударатын мәселе – несие шарттары. Мойынданышы, банк құжаттарын оқуға көп жағдайда ерінеміз ғой, иә? Салдарынан пайыздық үстеме, айыппұл, сақтандыру шарттары туралы кейін біліп жатамыз. Кейбір микроқаржы ұйымдары халықтың қаржылық әрі құқықтық сауатсыздығын пайдаланып отыр. «Он минутта ақша» деген жарнаманың ар жағында үлкен қарыз бен сот мәселесі тұрғанын әу бастан білгендер қатары көп болғанда, бүгінде бопсыкердің де саны аз болар ма еді?

Қазақстанда кейінгі жылдары заңнамаға бірқатар өзгеріс енгізілді. Конституцияға түзетулер қабылданып, адам құқықтарын қорғауға қатысты жаңа қадамдар жасалды. Конституциялық сот қайта құрылды. Бұрын азаматтар Конституциялық кеңеске тікелей жүгіне алмайтын. Қазір қарапайым адам өз құқығы бұзылды деп есептесе, Конституциялық сотқа жүгіну мүмкіндігіне ие болды. Бұл – үлкен өзгеріс. Бірақ соны халықтың қаншасы біледі?

Сондай-ақ өлім жазасы толық жойылды. Адам құқықтарына қатысты халықаралық талаптарға сәйкестік күшейтілді. Әйелдер мен балалардың құқығын қорғау мәселесі де күн тәртібінің алдыңғы шебіне шықты. Отбасылық зорлық-зомбылыққа қатысты заңдар қатаңдатылып жатыр. Алайда заң қабылданғанымен, оны халыққа түсіндіру жағы әлісіз. Көп әйел өзіне психологиялық қысым көрсету де зорлық екенін білмейді. Көп ата-ана бала құқығын шектейтін әрекеттер үшін жауапкершілік барын ескере бермейді.

Бізге заң көп, бірақ түсіндіру аз. Құқықтық реформалар жасалады,

алайда қарапайым халық оның мәнін ұқпай қалады. Мемлекет құқықтық мәдениетті тек айыппұлмен қалыптастыра алмайды. Заңды қорқыныш емес, сана құрметтеуі керек.

Өкінішке қарай, қоғамда «заңды таныс арқылы айналып өтуге болады» деген түсінік әлі де бар және рәсіммен солай жұмыс істеп келеді. Бұл құқықтық нигилизмді күшейтеді. Егер халық заңның бәрине бірдей жұмыс істейтініне сенбесе, құқықтық сауат та дамымайды. Адамдар әділдікке емес, айлаға сүйеніп кетеді.

Құқықтық сауат отбасынан басталуы керек. Балаға кішкентайынан өз құқығын да, өзгенің құқығын да сыйлауды үйрету маңызды. Мектептерде құқық сабағын өмірмен байланыстырып оқыту қажет. Жастарға «қандай бап бар?» дегеннен бұрын, «өмірде құқығың бұзылса не істейсің?» дегенді түсіндіру керек. Университетте де, жұмыс орнында да құқықтық ағарту жұмыстары күшеюі тиіс.

Заңды білу тек заңгерлерге керек дүние емес. Бұл – күнделікті өмірдің қауіпсіздік жастығы. Құқығын білмеген адам оңай алданады, оңай қорқады, оңай бас неді. Ал сауатты қоғам мықты қоғамды құрады. Себебі заңды білетін халықты алдау қиын.

Бүгінгі мәселе – құқықтың жоқтығында емес, құқықтық сананың әлсіздігінде. Біз әлі күнге дейін «маған тиіспес болды» деген түсініктен арыла алмай келеміз. Бірақ үнісіздік әділетсіздікті күшейтеді. Егер қоғам өз құқығын талап етуді үйренбесе, заң кітап бетінде ғана қалады.

Құқықтық сауат – диплом емес, өмір сүру дағдысы. Ол адамды тек соттан емес, қателіктен, қорлықтан, алаяқтан, әділетсіздіктен қорғайды. Сондықтан құқықтық мәдениет қалыптастыруды кейінге ысыра беруге болмайды. Әйтпесе заңды білмейтін қоғамның тағдырын заңды жақсы білетіндер шешіп кете береді.

Қорлан САРЫ

## ЖАСТАРДЫ НЕ АЛАҢДАТАДЫ?

Қазақ қоғамы қарқынды даму үстінде болғанымен, кей әлеуметтік мәселелер кең етек алып келеді. Сәбидің смартфонға тәуелді болуынан бастап, жас мамандардың жұмыс таба алмай табан тоздыруы мәселелер алаңдатады. Осы орайда біз жастар арасындағы түйткілдер туралы пікір алдық. Ал оның шешімі мен белгілері туралы білу үшін маман пікірімен жалғайық.

### Көркем Мұхамеджанова (16 жаста, оқушы):

– Бүгінгі қоғамдағы басты қауіп – смартфонға тәуелділік. Балалардың мультфильмсіз тамақ ішпейтін деңгейге жетуі үлкен дертке айналғандай. Көшеде, кофеханада немесе саябақта болсын, бүлдіршінің назары үнемі көгілдір экранға байланғанын жиі байқаймын. Қоғам кітап оқудың немесе баламен шынайы тілдесудің орнына, әлеуметтік желілердегі жеңіл-желпі, мағынасыз контентті тұтынуды әдетке айналдырды. Біз ақпараттық технологияларды даму құралы ретінде емес, уақыт өлтіруші ермек немесе баланы алдау тәсілі ретінде пайдаланамыз. Сондықтан қоғамда беткейлік пен таяздық басым. Егер біз виртуалды әлемнің тұтқынынан босап, саналы түрде білім мен шынайы құндылықтарға бет бұрмасақ, технологиялық прогресс бізді рухани қараңғылыққа қамайды.

Иә, шынымен де телефон қолға емес, санаға еніп бара жатқандай. Бұл әуестікті мамандар да ескертуде. Мұның алдын алу үшін не істеу керек? Психолог пікірін білейік.

### Индирра Каниева (психолог):

– Телефон балалар үшін тек байланыс құралы емес, өзіндік бір әлем іспетті. Ол тез баурап алып, миың ләззат алу қабілетіне әсер етеді. Бала уақытша дофаминге еріп, қысқа нұсқалы контентке әуестенеді. Кей жағдайда олар смартфонды жалғыздықтан арылу немесе эмоцияны толтыру үшін қолданады. Балаға ерте жастан шектеу қою маңызды. Бірақ жай ғана тыйым салу мәселені шешпейді. Нақты

ережелер керек. Сабақ орындағанда, тамақ ішкенде, ұйықтар алдында телефон қарауға болмайды деген әдетті қалыптастыру қажет. Мәселені тыйыммен емес, баланы спорт пен кітапқа баулу арқылы шешкен абзал. Ең бастысы – ата-ана өзі балаға үлгі болуы тиіс. Егер тым қатты тәуелділік байқалса, психолог пен невролог мамандарына жүгінген дұрыс.

### Бекзат Андрей (қала тұрғыны):

– Жастар арасында жұмыссыздық пен болашаққа сенімсіздік белең алған. Көбі оқу бітіргеннен кейін мамандығы бойынша жұмыс таба алмайды немесе тәжірибесі жетіспегендіктен қиындыққа душар болады. Тағы бір маңызды мәселе – зиянды әдеттер. Кей жастар темекі, алкоголь, вейп немесе телефонға тәуелділікті ермек етеді. Уақытты тиімді пайдалана алмау да – үлкен проблема. Қазіргі жастардың көпшілігі болашағына алаңдайды. Бір танысым университетті жақсы бітірсе де, ұзақ уақыт жұмыс таппай жүрді. Сол кезде «Оқығаным бекер болды ма?» деген уайымға салынып, бойын сенімсіздік биледі. Әлеуметтік желіде өзгелердің жетістігін көріп, өзін салыстыратын. Кейін ол қосымша курстар оқып, тәжірибе жинап, өзіне ұнайтын жұмысқа орналасты. Осы жағдайдан кейін мен жастарға тек диплом емес, шыдамдылық пен сенім де өте маңызды екенін түсіндім.

Шынында да, жұмыссыздық мәселесі қоғамда белең алуда. Диплом болғанымен, тәжірибенің жоқтығы қолды байлайды. Бұл мәселені 2025 жылы депутат Нартай Аралбайұлы да көтерген еді. Ендеше, саясаткердің сөзіне құлақ түрейік.



### Нартай Аралбайұлы (депутат):

– Ұлттық статистика бюросы 2025 жылдың бірінші тоқсаны бойынша Қазақстан халқының 4,6%-ы, яғни 451 515 азамат жұмыссыз деп көрсетеді. Бұған кім сенеді? Әр қаладағы жұмыссыз жандар жиналатын жетім бұрышты, табақтай дипломмен жұмыс таппай табанын таусылған жас мамандарды бәріміз көріп жүрміз ғой... Қазақстанда 11,5 миллион адам еңбекке қабілетті болса, оның 5,2 миллионында әлеуметтік аударым мүлдем жоқ болса, демек азаматтарымыздың тең жартысы жұмыссыз демексе амал бар ма? Жұмыссыздар саны 4,6% деген деректің шындыққа сәйкес келмейтініне осы дәлел емес пе?.. «Жастар практикасы» бағдарламасына 2024 жылы 33 300 жас қазақстандық қатысқан. Бағдарлама тәртібіне сәйкес олардың әрқайсысына айына 117 960 теңге төленді. Соған қарамастан тек 7400 жас азамат қана жұмысқа орналасыпты.

Ол Үкімет басшысы Олжас Бектеновтің атына сауал жолдап, «Жұмыссыздықпен күресу үшін алдымен жалған статистиканы тоқтату керек», – деп тарқатқан еді.

### Гүлнұр Бекмырзаева (қала тұрғыны):

– Қазір жастар арасындағы ең өзекті мәселе – әлімжеттілік. Мектеп



қабырғасында, колледж бен жоғары оқу орындарында, тіпті әскерде де бұл дерт кең етек алған. Әлеуметтік желіден мұндай оқиғаларды оқығанда жағамды ұстаймын. Үш баланың анасы ретінде қатты уайымдаймын. Қорқамын. Олар мектепке ерін-еркін бара ала ма? Буллингке ұшырамай ма? Әскерде жағдайы қалай болады? Қазір қоғам қауіпті болып бара жатқандай, мейірім мен адамгершілік азайған секілді... Ата-ана ретінде баланың қауіпсіздігі үшін қатты алаңдаймын.

Мәселе өзекті. Бұл жағдай тек Гүлнұрды ғана емес, барлық ата-ананы мазалайды. Баласы біреуге әлімжеттілік көрсетсе немесе өзі содан зардап шексе, ата-ана не істеуі керек? Маман кеңесіне жүгінейік.

### Индира Мейрамбекова (психолог):


– Кейінгі кезде буллинг мәселесі жиілеп кетті. Оған әсер ететін түрлі факторлар бар. Соның бірі балалар арасындағы психологиялық және эмоциялық тәрбиенің аздығы.



Кейбір балалар ішіндегі агрессияны, қорқынышты, мазасыздықты немесе өз әлсіздігін өзгеге күш көрсету арқылы шығарады. Баланың ішкі күйзелісі сыртқа әлімжеттілік ретінде көрініс табады. Бұған дисфункционалды отбасы себеп болуы мүмкін: үйде зорлық-зомбылық көрген бала басқаларға қысым көрсетеді немесе керісінше, түйікталып қалады. Сондай-ақ әлеуметтік желідегі қатыгез контент пен айналасындағы адамдардың теріс пікірі де

әсер етеді. Мұндай кезде ата-ана баласының өмірін, достарымен қарым-қатынасын жіті қадағалауы керек. Бала өз мәселесін айтқанда, сөзін бөлмей, түсінуге тырысу қажет. «Олай жасама», «сенікі дұрыс емес» деп бірден кінәлауға болмайды, себебі бала жабылып қалуы, мазасыздығы күшеюі мүмкін. Ата-ана мектептен тығыз байланыста болып, сынып жетекшісімен және психологпен бірлесіп жұмыс істегені жөн.

Дайындаған  
Мерей ШӘКРАТ



Сурет ашық дереккөзден алынды



Айбек ХАЙРУЛЛА:

# КЛАССИКА ЕШҚАШАН ЕСКІРМЕЙДІ

Басы 1-бетте

– Шынын айтқанда, ауылдан шыққан бала үшін опера тым алыс әлем сияқты көрінеді. Италияға апаратын жол қалай басталды?

– Рас айтсаңыз. Бала күнімде опера әншісі боламын деген арман, бала Айбекті үлкен сахна күтіп тұр деген ой да болмады. Ауылдағы қарапайым қазақы ортада өстік. Бірақ әнге жақын болдым. Үлкендердің айтқан әндерін қайталап, мектептің сахнасынан түсейтінмін.

2016 жылы №33 орта мектептің 9-сыныбын аяқтап, Қазанғап атындағы Қызылорда жоғары музыкалық колледжіне ән салу мамандығы бойынша Перуза Амангелдіқызының сыныбына оқуға түстім. Шынымды айтсам, операны шын мәнінде колледжде келіп, Перуза апайымның сабағында түсіне бастадым. Колледжді үздік дипломмен аяқтап, Қазақ ұлттық өнер университетінің вокалдық өнер кафедрасына, ҚР еңбек сіңірген қайраткері, профессор, «Астана Опера» театрының сахна шебері Талғат Маратұлының сыныбына қабылдандым. Яғни, бұл – бала арман емес, қадам-қадаммен қалыптасқан саналы таңдау еді.

Ал алғаш рет Жиренше партиясын орындаған сәтте сахнадағы кейіпкерге айналды, жаның сезу дегеннің не екенін ұқтым. Міне, сол уақытта опера менің тағдырыма айналды. Ал Италияға барып, опера музыкасына сүнгігенімде басқа жолға бет бұрудың мүмкін емес екенін толық түсіндім.

2023 жылы академиялық ұтқырлық бағдарламасы аясында Италияның Пезаро қаласындағы Дж. Россини атындағы консерваторияда Анна Вандидің сыныбында үш ай білім алдым. Сол жылдың ақпан айында Парма қаласындағы Корольдік театрдың жанындағы Вердиана академиясының тыңдалымына қатысып, оқу грантын жеңдім. Академияда Ф.Иццо, С.Д.Бенетта, С.Кастельвекки, Р.Дзанеллато, Ф.Беллотто сияқты опера әлемінің ірі шеберлерінен тәлім алып, халықаралық Верди фестивалінің қатысушысы атандым.

Келесі жылы, яғни 2024 жылы «Festival Verdi»-де «Macbeth, Scacco al Re» қойылымында Макбеттің ролін сомдадым. Биыл наурыз айында Римдегі Санта-Чечилия консерваториясында тағылымдамдан өтіп, қазақ музыка кешін ұйымдастырдық. Ал қазір Қазақ ұлттық өнер университетінде «вокалдық өнер» мамандығы бойынша магистратурада білімді жалғастырып жатырмын.

– Жаныңызға қандай жанрдағы шығармалар жақын? Қоржындағы туындылардың қайсысын қайта-қайта орындағыңыз келеді?

– Маған ең жақын бағыт – Верди опералары. Себебі оның баритон кейіпкерлері тек музыкалық емес, психологиялық тұрғыдан да өте терең жазылған. Әр партияның ішінде адам мінезінің ішкі қайшылығы, драмасы, эмоциялық салмағы жатыр. Қазіргі репертуарымда бірнеше бағыт қатар жүреді. Дж. Вердидің «Macbeth» ариялары, «Травиатадағы» Жермон партиясы, С. Рахманиновтың «Алеко» операсынан Алеко бейнесі бар. Қазақ композиторларынан – Брусиловскийдің «Қыз Жібек» операсындағы Бекежан партиясы, А.Жұбанов пен Л.Хамидидің «Абай» операсындағы Жиренше және Абай бейнелері, камералық репертуарда Чайковский мен Рахманинов романстары, сондай-ақ



қазақ композиторларының вокалдық шығармалары бар. Шынымды айтсам, әр шығарма өз уақытымен, өз күйімен келеді. Кейде бір туындыға қайта-қайта оралуы мүмкін, бірақ ол да көңіл күйге, сахнаға, ішкі күйге байланысты. Сондықтан мен үшін бәрі бірдей құмбат. Әрқайсысы – өзінше бір әлем, өзінше бір төбе.

– Әлі де армандап жүрген, сомдағыңыз келетін ірі опералық рөл бар ма?

– Иә, бар. Тіпті бірнешеуі. Мысалы Вердидің

«Риголеттосы». Бұл баритон репертуарындағы трагедиялық кейіпкерлердің бірі. Оның ішінде сатиралық күлкі де, әкенің махаббаты да қатар жүреді. Сол карама-қайшылық мені қатты қызықтырады.

Ал қазақ операсынан, әрине, Абай бейнесі. Бұл тек рөл емес, үлкен рухани жауапкершілік. Сонымен қатар Брусиловскийдің «Қыз Жібек» операсындағы Бекежан бейнесін сахнада толық ашу – менің ішкі арманым.

Бірақ ең үлкен мақсатым қазақ топырағында жазылған жаңа операны сахнаға шығару. Заманамыздың Абайын, Шәкәрімін, не қарапайым қазақ тағдырын сахнаға алып шығатын жаңа қазақ операсы керек.

– Үнаған шығарманы орындау үшін шет тілін үйренген кез болды ма? Тілдік барьерді қалай жеңдіңіз?

– Қазір төрт тілде еркін жұмыс істеймін. Ана тілім – қазақ тілі, ал Италияда оқып, біраз уақыт өмір сүргеннен кейін италиян тілі де күнделікті өмірімің бір бөлігіне айналды. Сонымен қатар ағылшынша және орысша білемін.


Шынымды айтсам, тілді арнайы үйренген жоқпын. Әр шығарма мені оған итермеледі. Біз, опера әншілері, тек дыбысты ғана айтпаймыз. Біз сөздің мағынасын, оның артындағы эмоцияны жеткіземіз.

Ал тілдік барьерге келсек, мен оны «жеңдім» деп айта алмаймын. Ол соңынан еріп келеді. Италияға алғаш барған кезде өзінді бөтен сезінесің. Бірақ уақыт өте келе сол ортаның тынысын сезіне бастайсың. Бір жылдан кейін Парма көшелерінде жергілікті тұрғындар сияқты сөйлеп жүргенімді өзім де байқамай қалдым.

– Италия мен Қазақстандағы музыкалық білім, опера мәдениеті жайлы айтыңызшы. Қандай айырмашылық байқадыңыз?

– Бұл маған жақын тақырып. Тіпті магистрлік диссертациямды да осы бағытта жазып жатырмын. Себебі екі елдің де опера мектебі ішінен көріп, сезінуге мүмкіндік болды.

Италияда опера – жай өнер емес, халықтың күнделікті өмірінің бір бөлігі. Мысалы, кафеде отырсаңыз, көрші үстелдегі қарт кісінің Вердидің бір ариясы жайлы пікір айтып отырғанын естуіңіз әбден мүмкін. Олар үшін опера театрмен



шектелмейді, бұл – ұлттық болмыстың бір бөлшегі. Тағы бір ерекшелік – дәстүр сабақтастығы. Италиядағы консерваториялардың тарихы бірнеше ғасырға созылады. Әр педагог белгілі бір вокалдық мектептің өкілі. Бірі – неаполитандық мектептің, енді бірі – миландық дәстүрдің жалғастырушысы. Сол жүйе гасырлар бойы үзілмей келе жатыр.

Ал Қазақстандағы опера өнері салыстырмалы түрде жас болғанымен, өте қарқынды дамып келеді. Бүгінде «Астана Опера» секілді әлемдік деңгейдегі сахнамыз бар. Ең бастысы – әлемдік сахнада өнер көрсетіп, жас буынға сол тәжірибені бөлісіп жүрген білікті ұстаздар бар.

Меніңше, Италиядағы опера – дәстүр мен сабақтастыққа негізделген, ал біз өз жолымызды қалыптастырып жатқан кезеңдеміз. Бірақ бұл екі мәдениет бір-біріне қарсы емес. Керісінше, бірін-бірі толықтырады.

– Бүгінгі көрерменнің операға деген талғамы туралы не айтсаңыз? Қазақстанда бұл өнерді түсінетін, бағалайтын аудитория қалыптасты ма? Ал Италиядағы көрермен мәдениеті қандай?

– Кейінгі он жылда елде нағыз опера аудиториясы қалыптасты. Қазір «Астана Операның» залына барсаңыз, тек өнер адамдарын емес, жас отбасыларды, студенттерді, шетелдік дипломаттарды да көресіз. Бұл – өте маңызды өзгеріс. Бұрын опера тар ортаға ғана тиесілі өнер сияқты қабылданып,

Ал қазір оған қызығатын буын көбейіп келеді. Бірақ біз әлі ұзақ жолдың басындамыз. Опера тыңдайтын мәдениет бір күнде қалыптаспайды. Ол үшін уақыт керек, тұрақты орта керек.

Ал Италиядағы көрермен мүлде бөлек. Олардың «құлағы» гасырлар бойы тәрбиеленген. Олар әншінің тек даусын емес, тембрін, тынысын, тіпті бір фразаның қалай айтылғанын байқайды. Парма театрының сахнасында тұрған кезде залдың реакциясын анық сезетінмін. Кейде көрермен тұтас арияға емес, сәтті шыққан бір ғана музыкалық фразға да ерекше ықылас білдіреді. Сол кезде операны тыңдау мәдениетінің қандай деңгейде



екенін түсінесіз. Қазақстанда дәл сондай талғамды аудитория қалыптастыру – тек театрдың емес, біздің, яғни орындаушылардың да ортақ міндеті деп ойлаймын.

– Сонда қазақ операсын әлемдік деңгейге шығару үшін не істеу керек?

– Менің көзқарасым бойынша, үш бағыт маңызды. Біріншіден, қазақ опера репертуарын, мысалы Брусиловскийдің «Қыз Жібек», Жұбанов-Хамидидің «Абай» сияқты туындыларды әлемдік сахнаға шығару керек. Екіншіден, әншілерді «Academia Verdiana», «La Scala Academy» секілді бағдарламаларға жіберуді жүйелеу де маңызды қадамның бірі. Өрі қазақы опера дәстүрін Еуропа дәстүрімен қатар ұсынағын жобалар жасау қажет. Мысалы Римдегі Санта-Чечилия консерваториясында өткен «Дала әуендері» концерті – италияндық көрерменге қазақ классикалық музыкасын алғаш рет таныстырды. Міне, осындай көпірлерді көбейту керек.

– Ал жастардың операға қызығушылығын қалай арттыруға болады?

– Жастарға операны «аударып беру» керек. Яғни, олар түсінетін тілде түсіндіру қажет. Мысалы, «Макбетті» не үшін бүгін көру керек? «Травиатаның» махаббат хикаясы TikTok дәуірінде неге әлі де өзекті? Осындай сұрақтарға нақты жауап бере алсақ, опера да жастарға жақындай түседі.

Меніңше, мәселе операның өзіне емес – оны жеткізу тәсілінде. Біріншіден, мектеп пен университеттерде ашық репетиция өткізу керек. Жастар сахна артындағы процесті көрсеті, өнер оларға әлдеқайда жақындайды. Екіншіден, әлеуметтік желінің мүмкіндігін дұрыс қолданып, опера үзінділерін қысқа форматта, бірақ мәнін жоғалтпай, жастар тіліне бейімдеп ұсыну қажет. Үшіншіден, 40-45 минуттық түсіндірмесі бар арнайы концерт форматтары керек. Ұзақ классикалық қойылымның орнына жастарды әуелі осындай кіріспе әлемге алып келуге болады. Тағы бір маңызды дүние – жас әншілердің өз тарихын айтуы. Яғни операны тек классикалық мұра ретінде емес, бүгінгі тірі өнері ретінде көрсету.

Опера – қашықтағы өнер емес. Ол тек біз жасырын тілде сөйлегенімізде ғана қашық болып көрінеді.

– «Операның не екенін Перуза апайымның сабағында түсіндім» деліңіз. Ұстаздарыңыз жайлы айтып беріңізші.

– Иә, Перуза Амангелдіқызы дауысымды ашты. Талғат Мұсабаев ағайым техника мен сахналық тұлғамды қалыптастырған, тамырымның негізін қалаған ұстазым. Ал Италияда жүргенде Анна Ванди ханым Россини мектебінің тазалығын

сыйлады, әлемдік деңгейдегі бас әнші Риккардо Дзанеллато сахнадағы образ философиясын үйретті. Профессор Франческо Иццо музыканы ноталардан тыс, тарихи контексте оқуға баулыды.

Үлгі тұтатын опера әншілерім де бар. Мысалы Дмитрий Хворостовский мен үшін баритон тембрінің символы. Ол өмірінің соңғы сәтінде дейін сахнаға адал болды. Дж.Дзанканаро – Италияның тірі классигі. Олардан дауыстың техника емес, тағдыр екенін, сахнаға шыққан соң, сен өзінді емес, ішіндегі дауысқа қызмет ететініңді түсіндім.

– Дуэт орындайтын кезде серіктесіңізді қалай таңдайсыз?



– Дуэт – бұл екі дауыстың қосылуы ғана емес, екі тыныстың бірігуі. Партнер таңдағанда біріншіден, вокалдық үйлесімге назар аударамын. Менің баритонымның реңіне қарсы тұратын, бірақ онымен жоғалмайтын дауыс керек. Екіншіден, сахналық сезімталдық та маңызды. Серіктесің көзіннен фразаны түсіне білу керек. Үшіншіден, кәсіби адалдық. Дуэтте бір адам жұлдыз болғысы келсе, музыка өледі.

– Опера әншісінің ең үлкен жауы...

– Ең алдымен – шаршау. Өсіресе көрінбейтін шаршау өте қауіпті. Өйткені дауыс – бұлшықет сияқты. Кәдімгі дене шаршағанда бірден сезесің, ал дауыстың шаршағаны кеш байқалады, бірақ салдары ұзаққа созылады.

Екінші жау – ішкі күмән, сенімсіздік. Сахнаға шығар алдында «бүгін бәрі дұрыс бола ма?» деген ой әр әншіде болады. Сол сәттегі сенімсіздік адамның ішкі дайындығын әлсіретеді.

Бірақ мұны тек техникамен жеңу мүмкін емес. Мұнда рухани тұрақтылық, ішкі тәртіп, сахнаға психологиялық дайындық өте маңызды.

– Мысалы тележүргізушілер артикуляцияға арналған арнайы жаттығулар жасайды. Ал опера әншілерінде қандай ритуалдар бар?

– Біздің әр күніміз тыныстан басталады. Өйткені дауыс – жай ғана дыбыс емес, тұтас механизм. Ал сол механизмнің қозғалтқышы – тыныс. Сондықтан танертең, ең алдымен, диафрагманы оятағын жаттығулар жасаймын. Одан кейін «vocalise» басталады. Бұл – сөзсіз, тек дыбыспен орындалатын дауыс жаттығулары. Дауыс төменгі регистрден біртіндеп жоғарыға көтеріледі. Артикуляциялық жаттығулар да күнделікті процестің бір бөлігі. Өсіресе италиян тіліндегі шығармаларда дикия өте маңызды. Кейде бір ғана дыбыстың дұрыс шықпауы бүкіл фразаның мінезін өзгертіп жібереді.

Дауысты қорғаудың да өз тәртібі бар. Мысалы суық су ішпеу, ащы тағам жемеу, қатты желден сақтану. Спектакльге бір күн қалғанда сойлексуді азайтатын кез болады. Ал сахнаға шығар алдындағы ең маңызды дүние – ішкі тыныштық. Себебі сахнаға «сен» емес, кейіпкер шығады. Бұл процестерді жазылмаған заң деуге де болады.

– Сахна сыртындағы Айбек қандай 3 сөзбен сипаттаныңызшы.

– Үнсіз. Ойшыл. Қарапайым Сырдың тумасы.... Сахнадағы дауысым қаншалықты жоғары болса, сахна сыртындағы өмірім соншалықты тыныш.

– Рақмет!

Сұхбаттасқан Әлия ТӘЖІБАЙ



## ӘЛЕМДЕ ТАЛАЙ ҚЫЗЫҚ БАР:

# ТАҢҒАЖАЙЫП МУЗЕЙЛЕР ТОПТАМАСЫ

әсер сыйлап келеді. Бірі ақ құмды жағажайларды ұнатса, енді бірі көне археологиялық ескерткіштерді тамашалауға асығады. Ал Канкундағы суасты музейі – ерекше әсер іздейтін әрбір дайвер көруі тиіс таңғажайып орындардың бірі.

Бейресми мәлімет бойынша, музейдегі мүсіндердің жалпы құны шамамен 350 мың долларды құрайды. Джейсон Тейлор бұл музейді жасау барысында су астында 120 сағат жұмыс істеген. Оның кәсіби дайвер болуы бұл іске көп көмектескен. Ең қызығы, мүсіндерге қайықтан жоғарыдан қарағанда олар өте үлкен болып көрінеді. Бұл күн сәулесінің судағы сыну құбылысымен байланысты. Барлық экспонаттың жалпы салмағы шамамен 200 тоннаға жетеді.

Сондай-ақ музей екі негізгі аймақтан тұрады. «Machones» галереясы 8 метр тереңдікте орналасса, «Punta Nizuc» бөлігінің тереңдігі 4 метр. «Punta Nizuc» аймағын тек түбі шыны қайықпен тамашалауға болады, ал «Machones» бөлігін көру үшін дайвинг қажет.

### МИКРОПИЯ: МИКРОБТАР МҰРАЖАЙЫ

Бүгінде әлемнің түрлі еліндегі хайуанаттар бағында таңғажайып жануарлардың небір түрін кездестіруге болады. Алайда Амстердам қаласында орналасқан «Микропия» музейі өзгелерден мүлде бөлек. Бұл микробтарға арналған әлемдегі алғашқы әрі бірегей музей. Мұнда келушілер көзге көрінбейтін микроәлемнің құпияларымен танысып, бактериялар, вирустар және сан алуан микроөргазмдердің тіршілігін тамашалай алады.

Біз қанша жерден тазалық сақтап, қолымызды сабындап жуып жүрсек те, жер бетіндегі тіршілік иелерінің үштен екі бөлігі микробтар әлеміне жататынын біле бермейсіз. Осындай көзге көрінбейтін тіршілік иелерінің өмірін қарапайым адамдарға таныстыру мақсатында құрылған ерекше музей ғылым мен танымды ұштастырған тың жобаға айналды.

Музей «Artis Royal Zoo» хайуанаттар бағының маңынан 2014 жылы ашылған. Бұл ерекше орталықтың құрылысына шамамен 10 миллион еуро жұмсалған. Идея авторы әрі негізін қалаушы – ғалым Хайт Балиан. Ол өз арманын жүзеге асыру үшін 12 жыл бойы еңбек етіп, нәтижесінде әлемде теңдесі жоқ ғылыми-танымдық мекеме ашқан. Микропия музейінің экспозициясы кәдімгі зертханаға ұқсайды. Өйткені



мұндағы «тұрғындарды» жай көзбен көру мүмкін емес. Залда орналасқан электронды микроскоптардың барлығы үлкен экрандарға қосылған. Келушілер микроскоп астындағы микроорганизмдердің қозғалысын алып экраннан анық көре алады. Музейде Эбола вирусының үлкейтілген макеті де қойылған. Сонымен қатар арнайы 3D-микроскоп арқылы түрлі микроорганизмдердің тіршілігін жан-жақты бақылауға мүмкіндік жасалған. Осы арқылы ғылым әлемі көпшілікке қызықты әрі түсінікті түрде ұсынылады.

Музейдегі ең танымал экспонаттардың бірі – микроб сканері. Оның көмегімен әр адам өз денесінде дәл осы сәтте қанша бактерия мен саңырауқұлақ бар екенін анықтай алады. Ғалымдардың айтуынша, адам ағзасындағы кейбір бактериялар құстар үшін қауіпті болуы мүмкін. Музей мамандарының мәліметінше, адам денесінде шамамен бір жарым келіге жуық микроорганизм тіршілік етеді. Олардың басым бөлігі ішекте және тері қабатында орналасады. Яғни қолды қанша жерден жиі жуғанмен, бактериялардан толық арылу мүмкін емес. Мұны музейдегі арнайы тәжірибе арқылы көруге болады. Келуші алақан ізін коректік ортаға түсіреді. Араға бірнеше сағат салып қарағанда, микробтардың қарқынды көбеюі бастағаны байқалады. Ғалымдардың айтуынша, адам қолында орта есеппен 150 түрлі бактерия мен 30 шақты саңырауқұлақ түрі өмір сүреді. Бұл қалыпты жағдай.



Музейдің аға микробиологы Яспер Буйкс көпшілік арасында барлық микроб зиян деген қате түсінік қалыптасқанын айтады.

– Шын мәнінде, көптеген бактерия адамға зиянсыз, тіпті пайдалы. Тек кейбір түрлері ғана қауіпті болуы мүмкін. Біздің мақсат – микробтардың табиғаттағы маңызды рөлін көрсету, – дейді маман.

Ал микробиолог Дженнифер Струйкенкамп музейдегі микроөргазмдерге арнайы қорек берілетінін айтады. Кейбірі өзге микроөргазмдермен қоректенсе, енді бірі түрлі микроэлементтерді пайдаланады. Келушілер осы процестің бәрін өз көзімен бақылай алады.

Музейдегі ең қызықты тіршілік иелерінің бірі – тынық жүргіші, яғни су аюы. Бұл микроскопиялық ағза балдыр шырынымен қоректенеді және ұзақ уақыт анабиоз күйінде тіршілік ете алады. Ал музейдегі құмырсқалардың кейбір түрі саңырауқұлақтармен бірге өмір сүреді. Ғалымдардың айтуынша, жаңа илеу салатын құмырсқа патшайым саңырауқұлақ бөлігін аузымен тасып апарып, жаңа мекенде өсіреді.



Осылайша жәндіктер мен саңырауқұлақ арасында ерекше симбиоз қалыптасады.

Микропия – жай ғана музей емес, ғылымды адамзатқа жақындатқан ерекше зертхана. Мұнда келген адамдар көзге көрінбейтін әлемнің қаншалықты күрделі әрі маңызды екенін түсінеді. Мұнда келген туристер музейден кейін табиғатқа мүлде басқа көзқараспен қарай бастайтынын айтады. Тіпті аквариумдағы балықтарға қарағанда да олардың денесінде өмір сүретін микробтарды елестетіп кететіндерін жасырмайды. Нидерланд еліндегі бұл ерекше музей ғылым мен танымды ұштастырып, адамзатқа көзге көрінбейтін тіршілік әлемінің шексіз құпиясын паш етіп келеді.

### МАХАББАТТЫҢ МҰҒЛЫ МҰРАЛАРЫ

Еуропаның көптеген қаласы бір-біріне ұқсас көрінеді. Орта ғасырдан қалған орталық алаң, көне ратуша, биік шіркеулер, тас көшелер... Әрине мұның бәрі ерекше атмосфера сыйлайды. Тарихтың иісі аңқып тұрған ескі ғимараттар мен сәулетті көшелер келген туристі тәтті етпей қоймайды. Дегенмен кейде қаланың өзіне ғана тән ерекше «жаны» жетіспей жататыны рас. Ал Загреб қаласының ерекшелігі – оның жылылығы мен шынайылығында. Көпшілік оны Прага, Варшава немесе Таллин секілді көне еуропалық шаһарлармен салыстырады. Алайда Загребтің өзіндік рухы бар. Сол рухты айрықша сезіндіретін орындардың бірі – «Museum of Broken Relationships», яғни «Аяқталған махаббат музейі».

Бұл музейдің тарихы да өзгеше. Оны хорватиялық екі өнер адамы, продюсер Оленька Вишница мен мүсінші Дражен Грубичич құрастырған. Төрт жылға созылған махаббат хикаясы аяқталғаннан кейін



екеуі қалжыңдап жүріп, «сәтсіз махаббаттан қалған естеліктерді сақтайтын музей ашқанды мақсат етеді?» деген ойға келеді. Уақыт өте бұл әзіл шынайы жобаға айналған. Алғашында олар достарынан өткен шақтағы қарым-қатынастарынан естелік болып қалған заттарды әкелуді сұрайды. Осылайша ерекше коллекция қалыптаса бастайды. Музей экспозициясы алғаш рет 2006 жылы көпшілікке ұсынылған.


Бастапқы кезде музейдің тұрақты мекені болмаған. Көрме әлемнің жиырмадан астам қаласын аралап, барған сайын танымал бола түседі. Кейін Оленька мен Дражен Загребтен арнайы ғимарат жалдап, барлық жәдігерді сонда орналастырады. Содан бері экспонаттар саны үздіксіз көбейіп келеді. Бұл музейдің басты ерекшелігі – әр заттың артында қос бірдей адамның тағдыры жатыр. Мұнда тек бұйымдар ғана емес, адамдардың сағынышы, өкініші, қуанышы мен жан жарасы сақталғандай әсер береді.

Экспонаттардың түрі өте көп. Бір жерде сынық әйнекке жазылған хат тұрса, енді бір жерде сүйіктісінен қалған бас киім, ойыншық немесе кілт сақталған. Тіпті кей заттар күлкілі болса, кейбірі жүректі ауыртады. Мәселен музейдегі ең әсерлі жәдігерлердің бірі – Сараево соғысы басталар алдында 12 жастағы баланың көрші қызға жазған махаббат хаты. Соғыс басталып, адамдар эвакуацияланғаннан кейін ол қызды қайта көрмеген екен. Хаттағы «Мен сені жақсы көрем» деп қайталанған сөздер оқырманды бейжай қалдырмайды.

Музейдің концепциясы өте қарапайым әрі терең мағыналы. Адамдарға іште қалған мұң мен өкінішті сақтап жүрмей, оны бөлісу ұсынылады. Ұмытылмай қалған махаббат естелігін музейге тапсыру кей адамдар үшін жан жарасын жеңілдететін өзіндік терапияға айналған. Әрине мұндай ашықтықты бәрі бірдей қабылдай бермейді. Біреулер жеке өмірді жария ету артық десе, енді бірі адамның сезімі мен тарихы мәдениеттің ажырамас бөлігі екенін айтады. Қалай

болғанда да, музейдегі әр оқиға адам тағдырының бір үзгі.

«Аяқталған махаббат музейі» 2011 жылы Еуропаның ең үздік музейі атағына ұсынылған. Бас жүлдені иеленбесе де, сол жылы беделді «Kenneth Hudson Award» сыйлығын жеңіп алған. Айта кету керек, бұл марапат тың идея мен ерекше мәдени




жоба үшін беріледі. Загреб қаласындағы бұл музей адамдарға махаббаттың тек қуаныш қана емес, кейде сағыныш пен мұңға толы естелік екенін де еске салады. Бірақ дәл сол сезімдер адам өмірін терең әрі мағыналы ететіндей.

### СӘТСІЗ ТУЫНДЫНЫҢ ДА ӨЗ ОРНЫ БАР

Бостон қаласындағы ерекше бастама – «Сәтсіз туындылар музейі» әлем назарын өзіне аударып келеді. Бұл жеке музейдің басты мақсаты – басқа ешбір өнер ордасынан орын таппаған, бағаланбаған туындыларды жинап, көпшілік назарына ұсыну.

Музей негізін қалаушылардың айтуынша, әлемнің әр қаласында ең үздік өнер туындыларына арналған музейлер жеткілікті. Ал олардың жобасы керісінше, «ең нашар» деп саналатын, бірақ өзіндік ерекшелігі бар картиналарды жинауға бағытталған бірегей орын. Дегенмен бұл жерде «нашар» деген ұғым тек шартты түрде ғана қолданылады. Себебі экспозицияға қойылған туындылардың көбі өзіндік ойымен, ерекше стилмен және күтпеген шешімдерімен көрерменді таңғалдырады.

Музейдің тарихы 1993 жылдан бастау алады. Антиквариатпен айналысатын Скотт Уилсон қоқыстан табылған картиналарды достарына көрсеткен кезде, олар бұл ерекше туындыларды жинап, жеке коллекция жасау идеясын ұсынады. Осылайша «Сәтсіз туындылар музейінің» іргетасы қаланады. Келесі жылы-ақ музей бірнеше ерекше форматтағы көрмелер ұйымдастыра бастайды. Мысалы «Орман ішіндегі галерея» көрмесінде картиналар ағаштарға ілінген, «Суға



батырылған сәтсіз өнер» атты көрмеде туындылар су өткізбейтін арнайы пленкамен қапталып, көшеде көліктен қарап тамашалауға арналған форматта ұсынылған, кейін 2001 жылы өткен «Жалаңаш өнер» көрмесінде ню жанрындағы картиналар жергілікті сәуат орталықтарында көрсетілген.

Бүгінде аталған музей қорында шамамен 500-ге жуық шығарма бар. Олардың орташа бағасы шамамен 6,5 доллар ғана. Дегенмен бұл туындылардың кейбірі авторлардың өздері тарапынан сыйға берілсе, кейбірі аукциондар мен қайырымдылық дүкендерінен сатып алынған.

Музейдің басты талабы – кез келген шығарма әдейі «өзіл үшін» жасалмауы керек. Яғни суретші оны шынайы ниетпен салуы тиіс. Бірақ туындыда айқын көркемдік кемшілік, пропорция бұзылысы немесе композициялық қателер болуы шарт. Балалар салған суреттер, фабрикалық өндіріс немесе туристерге арналған бұйымдар қабылданады.

Өнертанушылар музейдегі картиналарға ортақ бірнеше белгіні атап айтқан. Олар қол мен аяқтың дұрыс салынуы, мұрын мен бет пішінін бейнелеудегі қиындықтар, перспектива заңдылықтарының сақталмауы, түстерді орынсыз қолдану, табиғат элементтерін шынайы бере алмау. Дегенмен дәл осы кемшіліктер туындыларды ерекше әрі есте қаларлық ететін көрінеді.

Музей тарихында бірнеше қызық оқиға да болған. Өнер туындылары екі рет ұрланған. 1996 жылы «Эйлин» атты картина жоғалып кеткен. Музей оны қайтарған адамға бастапқыда 6,5 доллар сыйақы ұсынған, кейін бұл сома 36,73 долларға дейін көтерілгенімен, туынды табылмаған.

Осы оқиғадан кейін музей қызметкерлері жалған бейнебақылау камераларын орнатып, «Бұл галерея жалған камералармен қорғалған» деген жазба қалдырған. Алайда 2004 жылы тағы бір туынды, Ребекка Харристің автопортреті ұрланып кеткен. Ұры оның орнына 10 доллар талап еткен жазба қалдырғанымен, байланыс дерегін көрсетуді ұмытып кеткен. Нәтижесінде қаражат қалтада қалып, картина музейге қайтарылған.

Бүгінде «Сәтсіз туындылар музейі» әлемдік деңгейдегі танымал мәдени орынға айналды. Ол өнер тек мінсіз шеберліктен ғана тұрмайтынын, кейде қателіктердің өзі де қызығушылық тудыра алатынын нағыз дәлелі.

Тілек ҚАБЫЛ

Басы 1-бетте

Бұл ерекше жобаның дүниеге келуіне табиғат пен өнерді қатар бағалайтын бірнеше азамат мұрындық болған. Олардың қатарында доктор Джейми Гонсалес Кано, Роберто Диас Эбрахам және британдық мүсінші Джейсон Тейлор бар. Музейдің негізгі экспонаттарын жасаумен дәл осы Джейсон Тейлор айналысқан. Оның қолынан шыққан туындылар келушілерді бірден өзіне баурап алады.

Теңіз суы кәдімгі бетонға зиян болған соң, мүсіндер арнайы материалдан жасалған. Оның құрамына силикон, цемент және шыныталшық кіреді. Мұндай қоспа «теңіз бетоны» деп аталады. Бастапқыда музейге 100 ғана экспонат қою жоспарланғанымен, кейін олардың саны 500-ден асып кеткен. Ал теңіз ағыстары мүсіндерді орнынан қозғалтпау үшін әр туынды салмағы екі тоннаға дейін жететін ауыр тұғырларға орнатылған.



Бүгінде бұл музей әлемдегі ең ерекше мәдени нысандардың бірі ретінде танымал. Жыл сайын мұнда шамамен 750 мыңға жуық турист келеді. Мүсіндер бірнеше тақырыптық композицияларға топтастырылған. Олардың арасында «Жаулап алу», «Революция», «Тәуелсіздік» секілді адамзат тарихына қатысты туындылар бар.

Экспонаттардың басым бөлігі – шынайы өлшеммен жасалған адам мүсіндері. Сонымен қатар үйлер, көліктер, тіпті суасты минасы да кездеседі. Мұражайды аралаған турист өзін уақыт машинасымен саяхаттап жүргендей сезінеді. Майя өркениетінен бастап бүгінгі заманға дейінгі тарих көз алдынан өткендей әсер қалдырады. Кей сәтте теңіз түбіне бүгіндей бір ежелгі өркениет батып кеткендей көрінеді. Әр мүсінге ерекше атау берілген. Мәселен, «От ішіндегі адам» композициясында мүсіннің тесіктерінен жалын секілді жарқандар өсіп



шығады. Сондай-ақ «Арман жинаушы», «Бағбан қыз» атты туындылар да келушілер назарын аударады. Ал ең ауқымды композиция «Тыныш революция» деп аталады. Бір қызығы, көптеген мүсін нақты адамдардың бейнесін негізге ала отырып жасалған.

Бұл ерекше жобаның басты мақсаты – туризмнің теңіз экологиясына тигізетін зиянын көрсету. Әсіресе кей дайверлер теңіз түбінен маржан секілді «естелік заттарды» алып шығуды әдетке айналдырған. Ал суасты музейі туристерге табиғатқа зиян келтірмейтін қауіпсіз балама. Қазір Мексика әлемнің түкпір-түкпірінен келген саяхатшыларға ұмытылмас



**Назым ЕСЕНЖОЛОВА,**  
Қорқыт ата атындағы  
Қызылорда университетінің  
студенті

**САҒЫМ ДҮНИЕ**

Өмірдің өткереміз түрлі қырын,  
Дүние-ай, дес бермейді-ау өткір  
жүгін.  
Күйбең тірлік, қу тамақ деп жүріп-ақ,  
Өтеді әлі-ақ жалған мынау бес күн.

Уақыт өтер, өмір де өтер зулап-ақ,  
Бүгінгі мен ертеңді көп ойлап.  
Әттең, шіркін, болса менің  
дәрменім,  
Токтататын жатқан уақыт зымырап.

Өмір дейміз, шын мәнінде, бірақ та,  
Ішіне үңіліп те білмейміз.  
Айтқым келеді осы орайда менің де:  
Құнықпа деп ақша, байлық, атакқа.

Кейде ойлаймын: біз, жастар,  
Болашақта қандай болар екен деп,  
Мейірім, шыншылдықты ұмытып,  
Жөнсіз іске еріп кетер ме екен деп.

Мұны менің айтып отырған себебім –  
Талай іске көзім жетті дер едім.  
Қарап отырсам, мынау біздің  
заманда  
Қалмағандай ізгілігі, мейірім.

Мейірімді қойшы, шыншылдық та  
жоқ дер ем,  
Көкірегі қара күйе, тастай қатты,  
мүз дер ем.  
Ие, дүние, титтей ғана жүрегіне  
пенденің  
Мейірім сал, махаббат сал жүздеген.

Пендеміз біз, алай-дүлей шулаған,  
Әрбір істің байыбына тоймаған.  
Керек десең, дүние үшін өзінің  
Сатып кетер өз жақынын ойлаған.

Жақын тартқан  
адамның ойында  
Тек ақша, пайда көрсем  
деп тұрса,  
Мұндай жақын, мұндай  
достан сактай гөр,  
Иә, Жаратқан, өзің барсын  
ойымда.

**ҰСТАЗЫМА**

Ұстаз есім – ардақтайтын  
ұллық,  
Жасың, кәрі, түсіңдер ұғынып.  
Әр ісінде игіліктің бастауы,  
Ұстаз деген – біз білмейтін  
жылылық.

Мен айтатын, ауызымды толтыра,  
Қасиеті тұнған мінсіз бойына.  
Таза көңіл, пейілі кең, ақ жүректі,  
Бола білген мейірімді, қайсарлы да...

Өмірімде жарқ еткен нұр секілді,  
Күн нұрындай жарқылдаған мінезі.  
Келіп жетті мерекенің, сағынған,  
Құтты болсын жаңа жасыңыз бүгінгі!

Тілеймін тек жақсылықтар болсын деп,  
Әрдайым жүзіңіз нұрға толсын деп,  
Жыламаңыз, қайғы-мұңды ұмытып,  
Болашаққа жақсы қадам болсын деп.

Алғыс айтам анаңызға, өсірген,  
Жаны жайсаң, көңіліне кірбін кірмеген.  
Бар жақсыны тілеймін мен әрқашан,  
Жүзіңіздер көркем бақыт кемесімен!

**КӨҢІЛ**

Өзгелердің көңіліне келмей тигім,  
Айтқан сөзім болар ма еді зілдей  
қикым?  
Жүре берем дәл солай да мен ылғи,  
Бірақ ойлайды көңілімді менің  
кім?

Ку дүние мейірімділікке  
төзбейді,  
Кіші үлкенге, үлкен кішіге  
көнбейді.  
Заман ба, әлде адам ба екен  
өзгерген?

Шама-шарқын өздерінің  
білмейді.

Ей, адамдар,  
Дүниен кетер, ақшаң бігер –  
мойыма.

Менменденіп, ашкөздікке  
бойыма.

Бар айтарым: өз жаныңмен  
күрескін,

Мейірім мен ізгілікке  
байыта!



**Ринат БИСЕН,**  
Қорқыт ата  
атындағы Қызылорда  
университетінің студенті

**ГРУППАМНЫҢ  
СҮЛУЛАРЫ**

Көктем кеп, мынау әлем тазарады,  
Қаламның көбейеді жазар әні.  
Аққулар көлге ұшып оралғанда,  
Қыздардың шығады ғой ажар әні.

Мен қыздарға тамсанып, қызығамын,  
Ымдарын айтқызыбай-ақ  
жүз ұғамын.  
Сұлулығы айдыңның мөлдірдей,  
Оны көрсем, талқан боп  
бұзыламын.

Күндей болып шашады  
шұғыласын,  
Ол кезде үлкен бақыт ұғынасын.  
Бір шебер алдыма әкеп қойған

ұқсап,  
Елу жылдай жасаған құмырасын.

Гүлге толып жып-жылы  
құшақтары,  
Отырар бақыт дейтін ұшаққа әлі.  
Көктем болып жарқырап күлген  
кезі,  
Кеудемнің жұмыр етін ұсақтады.

Әрбірі бір-бір елдің ханымындай,  
Жастары күздің салқын  
жауынындай.  
Мен бәріне түкіргем келіп тұр ғой,  
Көз тимесін деумен әрі бақ  
ырымдай.

**АНАШЫМНЫҢ  
МЕЙРАМЫ**

Көктем келсе, жайқалады жапырақ,  
Тұра бергің келеді ғой бақылап.

Көктем келсе, жылынады тоғайлар,  
Мұздық түседі жерге қарай  
шатғынап.

Мен осыдан қуат алғым келеді,  
Көктем маған ғажап шаттық  
береді.

Анашымның мейрамы да  
көктемде,  
Ана деген – асыл адам себебі.

Мерекесі келе жатыр анамның,  
Анашымнан қамқор болар  
маған кім?  
Ана үшін жерді айналмақ түгілі,  
Аспандағы жарық айды алармын.

Көктем келсе, мұз қағаздай  
жыртылар,  
Әр мезгілдің өзіндік бір бұлты бар.  
Көктем келсе, гүлдерменен  
қосылып,  
Менің де анам гүл сияқты  
құлпырар.

**СІЗ БІРЕУДІ КҮТІП  
ЖҮРСІЗ, БІЛЕМІН**

Сіз біреуді күтіп жүрсіз, білемін,  
Таппай жүрсіз дертіңіздің бір  
емін...  
Басқаларды білмейм, бірақ ол адам  
Жаныңызға қатты қажет, білерім.  
Сіз біреуді күтіп жүрсіз, білемін.

Үзе алмайсыз ол адамнан үмітті,  
Тәңір сізге бақ беруді ұмытты...  
Қасыңызға бөгде біреу келіп ап,  
Жаныңызды тек уақытша  
жылытты.

Басталмайды ешкім үшін қайта  
өмір,

Тағдыр сізді қор етті ме?  
Айта әмір...

Ішіңізде не жатқаны белгісіз,  
Сіз біреуді күтіп жүрсіз, әйтеуір.

Күнде ойлайсыз ол адамды,  
түнде де,  
Оған жету сізге үлкен жұлде ме?...  
Өміріңіз өтіп жатыр, тоқтау жоқ,  
Мәні де жоқ, дамып  
жатқан бірдене...

Ойларыңыз өзіңізге адал ма?  
Бармаңызшы жылуы жоқ адамға...  
Сіз біреуді күтіп жүрсіз дамылсыз,  
Жасыңызды жасырып ап, жанарға.

**ШАҚЫРМАДЫҢ**

Бауырым деп жүрегіммен  
сенгенде,  
Жарты жолда жалғыз қалдым  
кенетте.

Туған күнің – қуаныш боп  
тұрғанда,  
Шақырмадың... Жүрегім тұр езіле.

Бір шақыру жетпеді ме, бауырым,  
Сол бір сөзді күтті сенің бауырым.  
Жан дүниемді жараладың тым  
қатты,

Көңілімді қак айырдың..  
Қак айырдың бауырым...

**СЕН МАҒАН  
КЕРЕКСІҢ**

Сен маған керексің – құлаған  
кезде...

Сынақтан шаршап, жылаған  
кезде...

Тағдырдан медет сұраған кезде...  
Тәңірім мені сынаған кезде!..

Сен маған керексің –  
жабыққанымда,

Күйбеңнен мынау  
жалыққанымда.

Жаныма болсаң – болар еді ғой,  
Ауыр күндермен жолыққанымда...

Өтірік баққа тамсанғым келді.  
Ұмытып бір сат сарсаң күндерді...  
Жылда келетін Жаңа жылды да  
Сенімен бірге қарсы алғым келді!

Қолымнан ұста – мәңгіге менің,  
Көзіңнен мөлдір таңды көремін!..  
Таң атқанға дейін махаббат жайлы  
Айттайық бітпес әңгімелерім...

Мылқау даладан ән ұққан кезде,  
Өзіммен-өзім қамыққан кезде...  
Бетперде киген актёр  
пенделерден

Жаның ауырып, жалыққан кезде...  
Сен маған керексің –  
жабыққан кезде!

**ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ ТІЛ ЖӘНЕ ОНЫҢ  
ЛЕКСИКА-СЕМАНТИКАЛЫҚ ҚАБАТЫ**

Дипломатиялық қарым-қатынас – бұл тек мемлекетаралық байланыс құралы ғана емес, ол ғасырлар бойы қалыптасқан, өзіндік заңдылықтары мен қатаң нормалары бар күрделі лингвистикалық және мәдени феномен. Қазіргі халықаралық жағдайда дипломатиялық тілдің маңызы артып, оның лексика-семантикалық құрылымы терең зерттеуді қажет ететін өзекті тақырыпқа айналды. Дипломатиялық тілдің басты міндеті – мемлекеттің мүддесін қорғау, халықаралық дау-дамайларды бейбіт жолмен шешу және өзара тиімді ынтымақтастық орнату. Бұл міндеттерді жүзеге асыруда тілдің лексика-семантикалық құрамы мен семантикалық астары (подтекст) шешуші рөл атқарады. Осы мақалада біз дипломатиялық тілдің лексика-семантикалық қабатының қалыптасу тарихын, терминологиялық жүйесін, семантикалық ерекшеліктерін және қазіргі қазақ дипломатиясындағы даму бағыттарын жан-жақты қарастырамыз.

Дипломатиялық тілдің қалыптасу тарихына үңілсек, оның бастауы ежелгі дәуірден басталатынын көреміз. Орта ғасырларда дипломатияның халықаралық тілі ретінде латын тілі үстемдік етті. Кейінірек, XVII ғасырдан бастап француз тілі дипломатияның «алтын тіліне» айналды. Бұл тарихи үдеріс қазіргі дипломатиялық лексиканың негізін қалады. Сондықтан бүгінде қолданылатын терминдердің басым бөлігі латын және француз тілдерінен енген. Мысалы, «атташе», «коммюник», «демарш», «агреман»,

«персона нон грата», «статус-кво» секілді сөздер әлемнің кез келген еліне аудармасыз түсінікті кәсіби терминдер. Осы терминдердің әрқайсысының астарында нақты құқықтық мағына мен дипломатиялық іс-қимыл жатыр. Лексикалық деңгейде дипломатиялық тіл – бұл терминдердің, қалыптасқан клишелердің және арнайы этикеттік формулалардың жиынтығы.

Дипломатиялық тілдің лексика-семантикалық қабатының ең басты ерекшелігі – оның терминологиялық нақтылығында. Дипломатияда кездейсоқ сөз болмайды; әрбір сөз халықаралық құқықтық нормаларға сай болуы тиіс. Терминдерді жүйелеу барысында оларды бірнеше топқа бөлуге болады. Біріншіден, лауазымдар мен шендерді білдіретін лексика (елші, атташе, консул, кеңесші). Екіншіден, дипломатиялық құжаттардың атаулары (нота, меморандум, декларация, конвенция, ратификациялық грамота). Үшіншіден, халықаралық процестерді сипаттайтын терминдер (агреман, денонсация, делимитация, демаркация). Қазақ дипломатиялық тілінің қалыптасуында бұл терминдердің баламаларын табу немесе оларды қазақ тілінің заңдылықтарына икемдеу маңызды кезең болды. Мәселен, «сепаративтік» термині қазақ тілінде «сенім грамоталары» деп сәтті аударылып, ресми айналымға енді. Сондай-ақ «ықпаласнама», «жадынама» сияқты сөздер де дипломатиялық лексиканы байыта түсті.

Алайда дипломатиялық тіл тек терминдерден ғана тұрмайды. Оның семантикалық қабаты әлдеқайда терең әрі күрделі. Семантикалық деңгейде дипломатиялық дискурс «эвфемизация» және «сыпайылық» принциптеріне негізделеді. Дипломаттар агрессивті немесе жағымсыз ұғымдарды жұмсартып жеткізуге тырысады. Бұл «тілдік икемділік» деп

аталады. Мысалы, егер екі мемлекет арасында келіспеушілік туындаса, ресми мәлімдемде «соғыс қаупі» немесе «жанжал» деудің орнына «позициялардың сәйкес келмеуі», «көзқарастар ашақтығы» немесе «мүдделер қайшылығы» деген тіркестер қолданылады. Мұндай лексикалық таңдау – семантикалық тұрғыдан конфронтацияны бәсеңдетуге және диалогқа жол ашуға бағытталған стратегиялық қадам. Дипломатияда «жоқ» деп айту – этикетке жат. Оның орнына «бұл ұсыныс жан-жақты зерделеуді қажет етеді» немесе «біз бұл мәселеге қайта ораламыз» деген секілді эвфемизмдер қолданылады. Бұл жерде сөздің номинативті мағынасынан гөрі оның коннотациясы мен контекстік мағынасы маңыздырақ болады.

Дипломатиялық тілдің семантикасындағы тағы бір маңызды құбылыс – модальділік. Дипломатиялық құжаттарда «тиіс», «міндетті», «болуы мүмкін», «қажет деп санайды» сияқты модальдік операторлар мемлекеттің өз мойнына алатын жауапкершілігінің деңгейін анықтайды. Мысалы, БҰҰ резолюцияларындағы «айыптайды» (condemns) және «терең алаңдаушылық білдіреді» (expresses deep concern) деген тіркестердің арасында үлкен саяси айырмашылық бар. Біріншісі нақты саяси және құқықтық баға беруді білдірсе, екіншісі тек моральдық-саяси ұстанымды білдіреді. Сондықтан дипломатиялық мәтінді талдау барысында әрбір сөздің семантикалық жүктемесін дұрыс түсіну – халықаралық саясаттың астарын ұғудың кілті.

Дипломатиялық лексиканың тағы бір қыртысы – хаттамалық және комплиментарлық лексика. Келіссөздер мен ресми қабылдауларда қолданылатын «Аса мәртебелі», «Мырзалар мен ханымдар», «Қадірменді әріптестер» секілді қаратпа сөздер тек сыпайылықтың белгісі емес,

олар халықаралық иерархия мен сыйластықтың лингвистикалық көрінісі. Дипломатиялық этикет – бұл сөз бен істің үндестігі. Тіпті көңіл айту немесе құттықтау жеделхаттарындағы стандартты клишелердің өзі мемлекетаралық қатынастардың жылылығын немесе ресмилігін білдіретін индикатор қызметін атқарады. Мәселен, қазақ дипломатиясында мемлекет басшысының құттықтауларындағы «бауырлас халық», «стратегиялық серіктестік», «ынтымақтастықтың жаңа белесі» деген тіркестер семантикалық тұрғыдан мемлекеттің сыртқы саяси басымдықтарын айқындайды.

Қазіргі жаһандану дәуірінде дипломатиялық тілдің лексика-семантикалық қабаты трансформацияға ұшырауда. «Твиттер дипломатиясы» мен «шифрлық дипломатияның» пайда болуы тілдің ықшамдалуына, кейде ресми стильден гөрі публицистикалық стильге жақындауына алып келді. Сонымен қатар қазіргі дипломатиялық дискурста «жұмсақ күш» (soft power), «ақылды дипломатия» (smart diplomacy) сияқты жаңа семантикалық бірліктер енді. Бұл терминдер мемлекеттердің тек әскери немесе экономикалық қуатымен ғана емес, сонымен бірге мәдениетімен, білімімен және тілімен де ықпал ету мүмкіндігін сипаттайды. Қазақстанның дипломатиялық тілінде де бұл үрдістер байқалады. Президент Қ.К. Тоқаевтың дипломатиялық лексикасын талдасақ, онда халықаралық терминдермен қатар, ұлттық мүддені білдіретін «әділетті Қазақстан», «халық үніне құлақ асатын мемлекет», «аймақтық қауіпсіздік» іспетті мағыналы тіркестердің үйлесім тапқанын көреміз. Бұл – дипломатиялық тілдің тек қатып қалған норма емес, заман талабына сай өзгеріп отыратын тірі ағза екендігінің дәлелі.

Дипломатиялық тілдің тағы бір маңызды қызметі – ақпаратты

жасыру немесе «бұлыңғырлық» (ambiguity). Кейде келіссөздерде нақты шешімге келу мүмкін болмаған жағдайда, дипломаттар екіұдай мағына беретін лексиканы пайдаланады. Бұл тараптардың ешқайсысын міндеттемейтін, бірақ диалогты тоқтатпайтын «алтын ортаны» табуға көмектеседі. Мұндай «конструктивті бұлыңғырлық» халықаралық келісімшарттарды дайындауда жиі қолданылатын әдіс. Осы тұрғыдан алғанда, дипломатиялық тіл – бұл шындықты жеткізудің ғана емес, сонымен бірге саяси маневр жасаудың өнері.

Қорыта айтқанда, дипломатиялық тіл және оның лексика-семантикалық қабаты – бұл халықаралық құқықтың, саясаттың және лингвистиканың тоғысқан жеріндегі бірегей жүйе. Оның терминологиялық дәлдігі, семантикалық икемділігі мен этикеттік нормалары мемлекетаралық диалогтың тұрақтылығын қамтамасыз етеді. Қазақ дипломатиялық тілі өзінің даму жолында халықаралық стандарттарды игере отырып, ұлттық тілдік ерекшеліктермен де байып келеді. Дипломатиялық лексиканы дұрыс қолдану және сөз астарын түсіну – тек кәсіби дипломаттар үшін ғана емес, қазіргі ақпараттық қоғамдағы әрбір тұлға үшін маңызды. Өйткені тіл – бейбітшілік пен өзара түсіністіктің басты кепілі. Дипломатиялық тілдің лексика-семантикалық қабатын зерттеу алдағы уақытта да халықаралық қатынастар мен тіл білімінің өзекті бағыттарының бірі болып қала бермек. Сөздің құдіреті арқылы әлемдік тепе-теңдікті сақтау – дипломатиялық тілдің ең жоғарғы мақсаты.

**Ділназ НАҒАШЫБАЙ,**  
М.Мәметова атындағы педагогикалық жоғары колледжінің қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі, Болашақ университетінің I курс магистранты

# СИНТЕТИКА: ЖАСТАРДЫ ҚҰРТҚАН ҚҰМАРЛЫҚ

Басы 1-бетте

Рейтингтегі алғашқы он елге назар аударсақ. Есірткіні ең көп тұтынатын елдердің көшін АҚШ бастап тұр екен. Сарапшылардың бағалауы бойынша, ондағы барлық халықтың 6%-ы есірткі тұтынады. Осының кесірінен штат тұрғындарының өмірі 6,7 жылға қысқарады екен. Екінші орында – Эстония. Эстониялық нашақорлар өмірінің 5 жылын жоғалтады. Үшінші орында – Беларусь елі. Олар 4,1 жыл аз өмір сүреді. Тізімді ары қарай Моңғолия, Канада, Гренландия, Ресей жалғастырады. Ал Қазақстан 8-орында. Сарапшылардың орташа есебі бойынша қазақстандық есірткіге әуестер өмірінің 3,7 жылын жоғалтады. Халықаралық ұйымның жасаған тізімі ақиқаттан алыс емес секілді.

– Қазақстанда наркологиялық есепте 18 мыңнан астам адам тіркеуде тұр. Оның 1,5 мыңы әйел болса, 66-сы – кәмелетке толмағандар. Бірақ елдегі нашақорлардың нақты саны бұдан 10 есе көп, яғни 200 мыңнан асып түседі. Сондықтан біз бұдан былай бірден тіркеуге алу бойынша әкімшілік жауапкершілікті арттыруды көздеп отырмыз. Ал дәл қазіргі уақытта есепке алу жұмыстары тек пациенттердің келісімімен ғана жүзеге асырылады, – деп сол уақыттағы статистика бойынша ҚР ІІМ Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл департаменті бастығының орынбасары мәлімдеген болатын.

## Елде 700-ге жуық есірткі түрі кездеседі

Әлемде есірткінің мыңнан астам түрі таралған. Ал Қазақстанда соның 700-ге жуық түрі кездеседі. Мамандар елдегі есірткі айналымын негізінен каннабис шикізаты, героин және синтетикалық есірткі құрайды дейді.

Мәселеге әріден үнілсек, тәуелсіздік алып шекарамызды шегендеп, етек-жеңімізді жинап жатқанда Қазақстанда апиын, гашиш, марихуана емін-еркін таралды. 1990 жылдары атышулы ауған героині үлкен сұранысқа ие болды. Ал 2000 жылдардың басында героинге тәуелділік артты, соңыра синтетикалық каннабиноидтар айналымға шықты. Ал бүгінде елдің есін алып, санасын ұлап, сергелденге салған синтетика Қазақстанға сонау 2015 жылдары келе бастады.

Қазір елімізде синтетикалық есірткілерді тарату жүйесі күрделі әрі көп деңгейден тұратын схема бойынша жүзеге асырылады. Ең

алдымен синтетикалық есірткілерді өндіруге қажетті химиялық заттар мен жабдықтар көбінесе шетелден заңсыз жолмен жеткізіледі. Олар елімізде арнайы жасырын лабораторияларда жасалады. Мұндай лабораториялар қалаларда, ауылдық аймақтарда, тіпті пәтерлерде де болуы мүмкін. Өндірілген есірткі жасырын қоймаларда сақталады. Ал оны таратудың өзі бірнеше деңгейде жүргізіледі. Бірінші деңгейде үлкен партиялар аймақтық дилерлерге жеткізіледі. Ал екінші деңгейде есірткіні шағын бөліктерге бөліп, ұсақ дилерлер мен тұтынушыларға таратады. Сатудың өзі онлайн және офлайн түрде жүргізіледі. Кейінгі жылдары синтетикалық есірткілер интернет арқылы кеңінен сатылып жүр. Әлеуметтік желілер, мессенджерлер, DarkNet (көлеңкелі интернет) платформалары тапсырысты қабылдап, курьерлер үйге дейін жеткізіп береді.

– Әсіресе оңтүстік өңірлерімізде, ірі көлік-логистикалық тораптарда орналасқан – Алматы және Жетісу облыстары мен Алматы қаласы. Аталған облыстарда синтетикалық есірткі өндіретін зертханалардың негізгі бөлігі байқалды. Құқық қорғау және арнайы органдармен 33 есірткі (2024 жылғы дерек) зертханасы жойылды. 10 тоннадан астам прескурсорлар тәркіленді. Осылайша, тұтынуға дайын 1 тонна есірткі затының өндірісіне жол берілмеді. Бұл шамамен 3 миллион бір реттік доза және мыңдаған адамның өмірін құтқару әрекеті, – деген болатын Ішкі істер министрлігі мамандары.

Қазірде Қазақстан есірткі өндірісінің ауқымы жағынан Орталық Азия мемлекеттері арасында бірінші орында тұр. Тіпті, Қазақстан синтетикасы Қырғызстан мен Өзбекстанның нарығын жаулап үлгерген.

ІІМ-нің мәліметінше қазір есірткі таратуға 13 пен 15 жас аралығындағы балалар тартылып жатыр. Құқық қорғаушылардың сөзінше, қылмыстың бұл түрі мессенджерлер арқылы жүзеге асатындықтан жолын кесу қиын. Мамандар бұл ретте балаға жауапкершілікке 16 жастан бастап тартылатынын, есірткі саудасы үшін 10 жылдан бастап, өмір бойына сотталатынын түсіндіру қажет деп санайды.

жана технологияның дамуына және басқа да себептерге байланысты қоғамға қауіпті жаңа кеселдер пайда болды. Әсіресе біз мынадай бес кеселмен бүкіл ел болып күресіп, біржола тосқауыл қоюымыз керек. Алдымен, есірткі саудасы, соның ішінде синтетикалық есірткі айналымы. Өкінішке қарай, бұл індет жаппай белең алып барады. Нашақорлық, әсіресе, балалар арасында тез таралып,

жастарымыз уланып жатыр. Есірткімен күрес белсенді жүргізілмесе, ертең бәрі кеш болуы мүмкін. Қазір есірткі сатқан қылмыскер қатаң жазаға тартылады. Менің ұсынысым: есірткі заттарын өндіретін адамдардың жазасын барынша қатайту керек. Оны ең ауыр қылмыстарға теңестіру қажет. Парламентті бұл бастаманы қолдауға шақырамын, – деген болатын Президент.


Президент тапсырмасын орындаған Мәжіліс депутаттары сол уақытта есірткі өндіргендерді өмір бойына бас бостандығынан айыру туралы заңды бірінші оқылымда мақұлдады.

Мемлекет басшысы өз бақылауында ұстап отырған есірткі саудасының жолы кесіліп, оңай олажаға кенелгісі келгендер біртіндеп тұзаққа түсе бастады.

– Есірткіні аса ірі мөлшерде сақтаудың 149 фактісі анықталды. Төрт ұйымдасқан қылмыстық топ, оның ішінде бір трансұлттық қылмыстық топ жойылды. Олар синтетикалық заттарды сатумен және жеткізумен айналысқан. Қылмыстық топты ұйымдастыру және оған мүше болу әрекеті бойынша 8 қылмыстық іс қозғалды. Оның аясында 66 келі есірткі тәркіленген. Сонымен қатар 16 есірткі зертханасы анықталып, жойылған. Оның тең жартысы синтетикалық есірткі өндірумен айналысқан. Алматы қаласында – 4, Алматы облысында – 3, Шымкентте бір зертхана анықталып, жойылды, – деп мәлімдеді мамандар. Бұл нақты дерек болатын болса, біз білмейтіні қаншама?!

қалпына келтіріп, қайтадан шегу әдетіне айналып кетеді.

– Арада біраз уақыт өткеннен кейін өзімнің ашуланшақ, сөз көтере алмайтындым байқадым, жүйкем сыр бере бастады. Бұрын жер қозғалса да, қозғалмайтынның бірі мен едім. Ол кезде кез келген ұсақ-түйекке күйіп-пісіп, айналама жеккөрінішті бола бастадым. Жүйкемді тыныштандыру үшін маған есірткі ауадай қажет болатын. Кокаинге күнде ақша қайдан табылсын, келе-келе арзан синтетикалық есірткіге тәуелді болып алдым. Осылайша 2 жыл синтетикада «отырдым». Өмірімнің астаң-кестеңі шықты. Үйдегілер менің нашақор екенімді бетіме басып айтатын болды. Отбасымнан кетіп, пәтер жалдап тұрдым. Істеп жүрген жап-жақсы жұмысымнан шығып кеттім, сүйікті қызыммен айырылыстым, достарымды жо-



## Қалыпты өмірге оралу өз қолыңда

Синтетикалық есірткінің «дәмін» бір татып көргендердің 90%-ы тәуелді болып қалады дейді мамандар. Өйткені синтетика түрі – есірткінің ең ауыры. Адам оны тұтынған сайын оған тамақ, киім, отбасы керек болмай қалады. Оның бәрінің орнын есірткі алмастырады.

Артур Котенко – Шымкент қаласындағы «Ренессанс-Шымкент» оңалту орталығының жетекшісі.

Химиялық есірткіге тәуелді наукастармен жұмыс істейді. Жас жігіттің өмір жолы қызық әрі қиын. Қиын дейтінім, өзі бұрынғы нашақор. Қызық дейтінім, қазір нашақорларды емдеуге арналған орталықтың жетекшісі. Артур тағдырдың тұңғық тереңіне батып бара жатып, қайта бас көтеріп, есін жиып, бойын түзеп, есірткінің құрсауынан босап шыққан жан. Павлодарда өмірге келген ол 22 жасында Екатеринбург қаласына кетеді. Сол жақта 25 жаста ең алғаш рет есірткінің дәмін татады. Әкесінің қазанын көтере алмай, ауырған жанының жарасын кокаинмен басады. Осылайша жарты жылдай жұмысқа барып-келіп, кешкісін есірткісін шегіп, арасында өзіне «демалыс» жариялап, денсаулығын

ғалттым, соңында қарызға бел-шемнен баттым. Ары қарай қалай өмір сүру керігін білмедім. Өзіме қол салғым келген кездер болды. Осындай ауыр күндердің бірінде анама келіп көмек сұрадым. «Оңалту орталығына барып емделуден басқа жол жоқ!», – деді анам. Сөйтіп «Ренессанс» наркологиялық орталығында 7 ай емделіп шықтым. Кейін осы жерде арнайы оқудан өтіп, бүгінде орталықта жетекші маманмын. Психологтың оқуын оқып жатырмын. Бұл салаға өзімді тану, зерттеу үшін келдім. Сондай-ақ химиялық тәуелділігі бар адамдарға барынша көмектесу – басты мақсатым, – дейді ол.

Артур өмірінің мәнін енді тапқандай. Есірткі құрбандарымен жұмыс істеу, оларды оңалту шараларын жан-жақты жүргізу өзіне ұнайды. «Мен жүрген жолмен жүріп көр. Жығылып, қайта тұрып көр. Түсіңгіз келсе, сен мені. Мен болып өмір сүріп көр» деп келетін наукастардың жайын, эмоциясын, көңіл-күйін, ішкі сезімдерін Артур жақсы біледі. Өйткені бір кезде өзі де нашақордың кедір-бұдыр жолын жалаң аяқ кешкен.

Синтетикалық есірткі шеккен адам өзін батыл сезінеді, күші тасып, сенімділігі артып тұрады. Алайда мұның бәрі иллюзия. Адам азғасы есірткіні аз дозасына да үйреніп, кейін қанағаттанбайтын болады. Доза күшейген сайын адам отбасын, жұмысын, қоғамдағы орнын, қоршаған ортасын ұмыта бастайды. Кейін оған су қалай керек болса, есірткі де солай керек болады, онсыз өмір сүре алмайды. Химиялық тәуелділіктен арылғанның өзінде адам өмір бойы өзімен жұмыс істеп, қайта бастап кетпеуіне назар аударып отыруы керек.

Нашақорға күн сайын тығырықтан шығатын жол алыстап кеткендей көрінер. Алайда шырмауықтың шырмауынан құтылуға болады. Хәкім Абай: «Өзгермейді деген адамның – тілін кесер едім» дейді. Расында өзгермейтін адам жоқ. Ол үшін адамның өзіне деген сенімі, күш-жігері, қайраты, ең бастысы отбасы, туыстары мен достарының қолдауы маңызды.

# ҰЛТТЫҚ ҰЛАНДАҒЫ сенімді серіктер



Бүгінде Ұлттық ұлан бөлімдерінде жарылғыш заттарды анықтауға 75, есірткі іздеуге 89, ал 703 ит іздестіру бағыты бойынша қызмет етеді. Күн сайын қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге атсалысып жүрген бұл қызметтік иттер қауіпсіздік жүйесінің ажырамас бөлігіне айналған.

Солардың бірі – Эльза. Ол Ұлттық ұлан қатарында 2019 жылдан бері қызмет етіп келеді. Маманданған бағыты – жарылғыш заттарды іздеу. Астанада ірі спорттық жарыс не мәдени іс-шара өтсе, мамандар, ең алдымен, аумақтың қауіпсіздігін тексереді. Осындай сәттерде Эльза да өз жетекшісімен бірге қызметке кіріседі.

Эльзаның сенімді серігі – 5573 әскери бөлімінің кинологі, сержант Болат Әлжанов. Бұл салада жүргеніне 17 жыл болған тәжірибелі маман қызметтік итті күшік кезінен баптап өсірген. Сол кездің өзінде-ақ оның алғырлығы мен белсенділігін байқапты. Бүгінде Эльза кинологтің сенімді көмекшісіне айналған.

Айта кетерлігі, Эльза – сержант Әлжановтың үшінші қызметтік иті. Бұған дейін ол Дакл атты іздестіруге маманданған итпен сегіз жылдан астам бірге қызмет еткен. Кейін Лаки есімді есірткі заттарын

Иә, күн сайын қылмыстық топтар ұсталып, түрлі заңсыз әрекеттің жолы кесіледі. Мұндайда ең алдымен мамандардың еңбегі еске түседі.

Алайда сол мамандармен қатар үнсіз қызмет етіп жүрген тағы бір сенімді сақшылар бар. Олар марапат сұрамайды, мінберге шықпайды. Бірақ адам сезбеген қауіпті бірінші байқап, қауіпсіздік жолында алдыңғы шепте жүреді. Олар – қызметтік иттер.



іздейтін итті баптаған.

Кинолог пен қызметтік иттің байланысын сөзбен түсіндіру қиын. Бұл – күнделікті жаттығу, төзім мен өзара түсіністіктің нәтижесі. Ит иесінің дауысын ғана емес, көңіл күйін де сезеді. Ал кинолог оның әр әрекетінен белгі аңғарады. Мұны олардың бірлескен жұмысынан да аңғаруға болады. Мысалы сержант Әлжанов пен Эльза бірнеше рет құқықтық тәртіп әскеріндегі бөсекелерде, ведомстваралық жарыстарда үздік нәтиже көрсеткен. 2023 жылы Ұлттық ұланның қызметтік итері арасындағы жарыста үшінші орын иеленсе, былтыр Петропавл қаласында өткен

сайыста бірінші орын иеленген. Сондай-ақ Алматыда өткен күштік құрылымдар арасындағы жарыста командалық есепте жүлдегер атанды.

Расымен, ерлік жайлы сөз қозғалғанда, қолына қару алып, сап түзеген сарбаздар ойға келеді. Десе де төрт аяқты сақшылардың да еңбегі бар екенін есте сақтайық.

Инуу МАРЖАН



ГҮЛЖАМАЛ ТҰРМАҒАМБЕТОВА:

## ҰЛТТЫҚ ҮЛГІДЕГІ ҚУЫРШАҚТАРДЫ ДАМУЫП, ӨЗ БРЕНДІМДІ ҚАЛЫПТАСТЫРҒЫМ КЕЛЕДІ

Колонер – жүректің жылуын, шебердің шынайы сезімін жеткізетін ерекше әлем. Соның ішінде қолдан тоқылған қуыршақтар – балалықтың нәзік символы ғана емес, автордың ішкі дүниесін айшықтайтын өнер туындысы. Мұндай бұйымдарға деген сұраныс қашан да биік. Қазір олардың құндылығы да жаңа қырынан бағалануда. Осы бағытта табанды еңбек етіп жүрген ұстаздардың бірі – №233 мектептің көркем еңбек пәні мұғалімі Гүлжамал Тұрмағамбетова. Алтын қолды кейіпкерімізді әңгімеге тарттық.

– Қуыршақ тоқу өнеріне қалай келдіңіз? Қолдан жасалған қуыршақтардың ерекшелігі неде?

– Бұл өнерге өз қызығушылығым арқылы келдім. Алғашында жай ғана хобби ретінде бастаған ісім уақыт өте келе сүйікті кәсібіме айналды. Балалық шақтағы ойыншықтарға деген сүйіспеншілік пен колонерге жақындағым осы жолды таңдауыма себеп болды.

Ең басты ерекшелігі – бірегейлігі мен жан жылуы. Әр қуыршақ қайталанбайды, оның бойында шебердің еңбегі мен көңілі бар. Сонымен қатар қолдан жасалған ойыншықтар қауіпсіз, себебі зиянды бояулар қолданылмайды.

– Қазір сұраныс өте жоғары. Адамдар ерекше, сапалы әрі эксклюзивті дүниелерді бағалай бастады. Өсіресе ұлттық нақыштағы қолдан тоқылған қуыршақтарға қызығушылық артып келеді. Негізінен аналар, балаларға сыйлық іздейтін жандар және ерекше тарту жасағысы келетін тұтынушылар сатып алады.

– Қуыршақ тоқу кезінде қандай қиындықтар кездеседі?

– Ұсақ бөлшектерді дәл әрі ұқыпты жасау кейде қиындық тудырады. Сонымен қатар уақытты тиімді жоспарлау да маңызды. Кейде жаңа үлгілерді ойлап табу да оңай жұмыс емес.



– Бір қуыршақты тоқип шығуға қанша уақыт кетеді? Жұмысыңызда қандай материалдарды жиі қолданасыз?

– Қуыршақтың көлемі мен күрделілігіне байланысты бір-үш күн, кейде бір аптаға дейін уақыт кетеді. Көбінесе акрил және мақта жіптерін пайдаланамын. Ішін толтыру үшін синтепон қолданамын, ал безендіру үшін түрлі аксессуар қосамын.

– Ал шабыт қайдан келеді?

– Шабытты балалардың қиялынан, мультфильм кейіпкерлерінен және әлеуметтік желілердегі шығармашылық жұмыстардан аламын.

– Қазір қолдан жасалған бұйымдарға сұраныс қандай? Сіздің туындыларыңызды көбіне кімдер сатып алады?

– Жастардың колонерге қызығушылығын арттыру үшін не істеу керек деп ойлайсыз?

– Шеберлік сабақтарын көбейту, әлеуметтік желілерде кеңінен насихаттау және мектеп бағдарламасында колонерге көбірек көңіл бөлу қажет.

– Алдағы жоспарларыңыз қандай?

– Болашақта жаңа коллекциялар жасап, шеберлік сабақтарын өткізуді жоспарлап отырмын. Сонымен қатар ұлттық үлгідегі қуыршақтарды дамытып, өз брендімді қалыптастырғым келеді.

– Әңгімеңізге рақмет!

Қорлан САРЫ

Бүгінде кофе жай ғана сусын емес, бөлек бір мәдениет ретінде қалыптасты. Оны ішудің өзіндік әдеби мен дәстүрі де бар. Ең қызығы, кей халықтар үшін ол ата-бабадан мирас болған ажырамас саят болса, енді бірі оны сергектік сыйлайтын емдік құрал санайды.

Әлемге әйгілі «Nestle» компаниясының зерттеулеріне сүйенсек, әр елдің кофеге қатысты ырым-тиымы бар. Ендеше, бойға қуат беріп, ойды ширататын бұл сиқырлы сусынның қандай беймәлім тұсы бар екенін қарастырайық.

## Бір шыны кофенің ҚҰДІРЕТІ



«өзіміз отырып шай ішейік» дегені Эфиопияда «бірге кофе демдейік» дегенімен теңеседі.

Кофе Түркияда да танымал сусынның бірі. Түрік сериалдарын қарасаңыз, үйлену тойдың алдында қалыңдық күйеу жігіттің ата-анасына кофе әзірлейді. Яғни кофеге байланысты кей дәстүрлері бүгінге дейін сақталған. Егер қонақ суыңды мақтаса, бұл күйеу жігіттің таңдаудан қателеспегенін білдіреді.

Ұқсас дәстүр Грецияда да бар. Қыздар жігіті сөз салған жағдайда жауабын кофе арқылы білдіреді екен. Егер кофенің дәмі жақсы, көбігі қалың болса – келіскені, ал керісінше, көбіксіз сусын – жігіт қыздың көңілінен шықпады деген сөз.

P.S. «Жүрекке кофе де, кофехана да керек емес. Жүрекке дос, сырлас керек. Ал кофе – жай ғана сылтау» деген бар емес пе еді?! Сондықтан келесі жолы кофе ішкенде досыңызды шақыруды ұмытпаңыз.

М. МАЙБЕКҚЫЗЫ



Әуелі Қазақстанға зер салсақ, 2024 жылы кофені тұтыну деңгейі 12,85 мың тоннаны құраған. Бұл «Euromonitor International»-дың жүргізген зерттеуінен шыққан сан. Бірақ «MAF Group» компаниясының айтуынша, Финляндия секілді елдерде бұл көрсеткіш 300 есе жоғары. Себебі олар үшін кофе тек ұйқыны бәсеңдету құралы емес, мәдениеттің бір бөлігі саналады. Мұнда тіпті кофеге арналған фестиваль өтеді. «Meiga» компаниясының қызметкері Хэйді Пайвянием Финляндияның 90%

тұрғыны кофе ішетіні және бір жыл көлемінде халық 50 миллион келі өнім тұтынатыны туралы мәлімдеді. Бұл күніне шамамен 4-5 порцияны құрайды.

Ал кофені ұлттық қазынаға айналдырған Эфиопия елінде бұл өнімнің дәмі алғаш дәннің дәмімен бірдей. Себебі мұнда оны өсіру үшін ешқандай дәрі-дәрмек қолданылмайды. Ал оны қонаққа ұсыну – ерекше дәстүр. Ең алдымен сусынды үлкендерге береді. Бұл сыйластықтың белгісі. Ұсыныстан бас тарту әдепсіздік саналады. Қазақтың

### Меншік иесі: «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі



Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеуге алынып, №KZ 32VPY00086947 куәлігі 02.02.2024 жылы қайта берілген.  
«Ақмешіт жастары» республикалық газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертифицирталған.

БАС ДИРЕКТОР  
Марат АРАЛБАЕВ

Қабылдау бөлмесі:  
тел/факс: 40-11-10  
БАС РЕДАКТОР  
Дәулет ҚЫРДАН

Газет әр аптаның бейсенбі күні шығады. Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды. Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп «ASU баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8 /7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8 /7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралу аймағы: Қазақстан Республикасы  
Индекс: 65425. Редакцияның мекен-жайы: 120018  
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А  
e-mail: aqmeshit\_zhastary.kz@mail.ru  
Instagram: @aqmeshit-zhastary / сайт: aqmeshit-zhastary.kz

Кезекші редактор:  
Нұршат НЫШАНОВА

Таралымы: 5111  
Тапсырыс: 799